

## СЕМСЕРЛЕСУ ОЙЛАУҒА, ТЕЗ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУҒА ҮЙРЕТЕДІ

→2



## ШӘКІРТТЕРІ ДОПИНГПЕН НЕГЕ ҰСТАЛДЫ?

→9



## 480 СЕКУНДТА ХЕТ-ТРИК ЖАСАҒАН ШАБУЫЛШЫ

→12


# ҚАЗАҚ СПОРТЫ

*Газет 1959 жылғы 1 қаңтардан шыға бастады* | *Республикалық апталық* | *qazaqsporty.kz* | *№50-51-52 (5403) 31 желтоқсан 2022 жыл* | *Газет сенбі күні шығады* | *kazakh_sporty@mail.ru*


# СӘДУАҚАСОВА – ӘЛЕМНІҢ КҮМІС ҚЫЗЫ!



Фото – Дэвид ЛЛАДА

**ДИНАРА СӘДУАҚАСОВА ШАХМАТТЫҢ РАПИД ТҮРІНЕН АЛМАТЫДАҒЫ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ КҮМІС ЖҮЛДЕГЕРІ АТАНДЫ. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОЙЫНШЫ МЕН ҚЫТАЙЛЫҚ ТАНЬ ЧЖУНЪИ 11 ТУРДАН КЕЙІН 8,5 ҰПАЙ ЖИНАП, ТАЙ-БРЕЙКТЕ ШЕБЕРЛІК БАЙҚАСҚАН. ШЕШУШІ КЕЗДЕСУДЕ ТАНЬ ЧЖУНЪИДІҢ МЕРЕЙІ ҮСТЕМ ТҮСТІ. АЛ ҚОЛА ЖҮЛДЕ ҮНДІСТАНДЫҚ САВИТА ШРИГЕ БҰЙЫРДЫ.**

Алғашқы жарыс күнінен кейін Динара 4 тең ойынмен турнир кестесінің ортасында келе жатқан. Алайда соңғы 6 ойында қарқынына-қарқын қосып, қатарынан жеңіске жетті.

Осы толағай табысынан кейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Динара Сәдуақасованы құттықтады.

Президент Қазақстан шахматшыларының әлем чемпионатындағы жетістіктері еліміз үшін үлкен мақтаныш екенін атап өтті. Оның айтуынша, спортшыларымыздың халықаралық турнирлердегі әрбір жеңісі осы спорт түрімен айналысатын жастарды қанаттандырады және бұл Қазақстан шахмат мектебінің деңгейі жоғары екенін көрсетеді. Президент дарынды шахматшыға талмай еңбек етіп, жеңістен жеңіске жете беруіне тілектестік білдірді. Сонымен қатар Мемлекет басшысы Алматыда өтіп жатқан осы әлемдік сайыста жоғары нәтиже көрсеткен Жансая Әбдімәлікке де ізгі тілегін жолдады.

Қалған қазақстандық шахматшылардан Жансая Әбдімәлік бесінші, Алуа Нұрманова – 23-ші, Әмина Қайырбекова – 26-шы, Бибісара Асаубаева 29-орынға табан тіреді. Алғашқы күні мамандарды таңғалдырған жас шахматшымыз Зейнеп Сұлтанбек 31-ші, Зарина Нұрғалиева 35-ші сатыға тұрақтады.

Польша астанасы Варшавада өткен былтырғы әлем чемпионатында 18 жастағы отандасымыз Бибісара Асаубаева дәл осы рапид шахматтан күміске ие болған.

Сондай-ақ ерлер арасында норвегиялық Магнус Карлсен Алматыдағы әлем чемпионатында шахматтың рапид түрінен жеңімпаз атанды. Ол 13 турдан кейін 10 ұпай жинаған соң, ешкімге дес бермейтіні белгілі болды. Осылайша, норвегиялық гроссмейстер рапидтен әлем чемпионатының 4-алтынына қол жеткізді.

Енді 50-ден астам елден жиналған шахматшылар 29-30 желтоқсан күндері блиц шахматтан кім мықтыны анықтамақ. Әлем чемпионаты бүгін, яғни 30 желтоқсанда аяқталады. Барлық нәтижені жанкүйерлер Worldrapidandblitz2022.fide сайтынан көре алады.

# ТОП СОБЫТИЙ 2022 ГОДА В СПОРТЕ

**УХОДЯЩИЙ 2022 ГОД ВЫДАЛСЯ НАСЫЩЕННЫМ ДЛЯ КАЗАХСТАНСКОГО СПОРТА. РЕДАКЦИЯ (VESTI.KZ) ПОДВЕЛИ ИТОГИ, ВЫДЕЛИВ ГЛАВНЫЕ СОБЫТИЯ В РАЗЛИЧНЫХ НОМИНАЦИЯХ – ТО, ЧТО НЕ ОСТАВИЛО РАВНОДУШНЫМИ БОЛЕЛЬЩИКОВ.**



### СЕНСАЦИЯ ГОДА

Исторического успеха в этом году добилась сборная Казахстана по футболу – выиграла группу в Лиге наций. Не будем лукавить: болельщики заждались от команды ярких побед и в этом году изначально на многое не рассчитывали, тем более, что новый главный тренер команды Магомед Адиев за плечами успешной работы в национальных командах не имел.

Но команда добилась невероятного, причем без привлечения натурализованных звезд, – вышла в дивизион Б. На домашних матчах «Астана Арена» была переполнена, тысячи фанатов подгоняли команду вперед, а с Адиевым продлили контракт – он будет готовить своих подопечных к отбору на Евро.

### ПОБЕДА ГОДА

Да, в 2022 году у казахстанских спортсменов было немало побед. Но все же триумф Елены Рыбакиной на «Уимблдоне» стоит отдельно. Сложно загадывать, когда еще представитель Казахстана станет победителем турнира «Большого шлема».

В финале «Уимблдона» 23-летняя Рыбакина одержала волевую победу, обыграв второй номер мирового рейтинга Онс Жабер из Туниса. С этой победой теннисистку поздравил даже Президент Касым-Жомарт Токаев.

Заветную тарелку Рыбакина привезла в Казахстан, показав свой трофей болельщикам. Радость омрачило только то, что «Уимблдон» был лишен рейтинговых очков и гордость Казахстана не смогла совершить рывок вверх.

→11

## БАСПАСӨЗ-2023



**Мырзағали АЙТЖАНОВ,** боксатн әлемнің екі дүркін «Ең үздік бапкері»

## ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

*Қадірлі спорт жанкүйерлері, спорт мамандары, жаттықтырушылар мен спортшылар,* ***«Қазақ спорты»*** *газетіне 2023 жылға жазылу науқаны жалғасып жатыр.*

*Сүйікті газеттеріңіздің жыл бойы үйге келіп тұрғанын қаласаңыз, бір жылға толық жазылыңыздар!*

*«Қазақ спорты» газетінің индексі жеке жазушылар үшін –* ***64190,*** *кәсіпорындар мен ұйымдар үшін* ***– 14190.***

### ГАЗЕТТІҢ БАҒАСЫ ЖӘНЕ ҚАЙДА ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ?

**«Қазпошта»**

| Индексі | Жазылымды қабылдау шарттары:<br>- жеке жазылушылар үшін<br>- кәсіпорындар мен ұйымдар үшін<br>- жеңілдікпен жазылу | 1 ай (2 ай) | 3 ай (4 ай) | 6 ай | 12 ай | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 64190 | Жеке жазылушылар үшін | 446,25 | 1338,75 | 2677,50 | 5355,00 | Қала |
| | | 464,87 | 1394,61 | 2789,22 | 5578,44 | Аудан/ауыл |
| 14190 | Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін | 686,25 | 2058,75 | 4117,50 | 8235,00 | Қала |
| | | 704,87 | 2114,61 | 4229,22 | 8458,44 | Аудан/ауыл |

**«Эврика пресс»**

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 64190 | Жеке жазылушылар үшін | 487,00 | 1461,00 | 2922,00 | 5844,00 | |
| 14190 | Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін | 756,00 | 2268,00 | 4536,00 | 9072,00 | |

**«Еуразия пресс»**

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 64190 | Жеке жазылушылар үшін | 492,00 | 1476,00 | 2952,00 | 5904,00 | |
| 14190 | Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін | 761,00 | 2283,00 | 4566,00 | 9132,00 | |

**«Бектұрғанов»**

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 64190 | Жеке жазылушылар үшін | 507,00 | 1521,00 | 3042,00 | 6084,00 | |

# СПОРТШЫЛАРЫМЫЗҒА – ЗАМАНАУИ ЖАБДЫҚТАР

**ПАРИЖДЕГІ ОЛИМПИАДАҒА ДАЙЫНДЫҚ АЯСЫНДА МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ АРНАЙЫ БАҒДАРЛАМА ӘЗІРЛЕДІ. ОНЫҢ МАҢЫЗДЫ ТАРМАҚТАРЫНЫҢ БІРІ ЗАМАНАУИ ЖАБДЫҚТАРЫН САТЫП АЛУДЫҢ ЖАҢА НОРМАЛАРЫН БЕКІТУ, СОНДАЙ-АҚ ОСЫ МАҚСАТҚА ҚОСЫМША ҚАРАЖАТ БӨЛУ. 2017 ЖЫЛЫ БЕКІТІЛГЕН НОРМАЛАР БАСҚА ЕЛДЕРДІҢ ҚҰРАМА КОМАНДАЛАРЫНА БӨЛІНЕТІН ҚОЛЖЕТІМДІ, ҮНЕМІ ЖАҢАРТЫЛЫП ОТЫРАТЫН ЖӘНЕ ЖАҢА БУЫН ЖАБДЫҚТАРЫН САТЫП АЛУҒА МҮМКІНДІК БЕРМЕГЕНІН АТАП ӨТКЕН ЖӨН.**



«2023 жыл – Олимпиадаға дейінгі, ұлттық құрама командаларды даярлау тұрғысынан ең маңызды жыл. Ірі жарыстарда жеңіске жету үшін, ең алдымен, ерік-жігер, табандылық, спорттық рух пен тәртіп қажет екені анық, бірақ инфрақұрылымның атқаратын рөлін естен шығармаған жөн. Сондықтан тиісті жағдайларды жасау үшін біз жабдықтарды жаңарту және сатып алу жұмыстарын жүргіздік. Енді соңғы нәтиже толығымен спортшыға байланысты. Сіздерге жеңіс тілеймін. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, баршаңызды келе жатқан Жаңа жылмен құттықтаймын», деді Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев.

Барлығы 28 жазғы және қысқы олимпиадалық және 3 паралимпиадалық спорт түрі бойынша жабдықтар берілді.

Өз кезегінде спортшылар осы мәселені шешкені үшін бейінді мекемеге алғыстарын білдірді.

«Бүгінде кәсіби спортшылар технологиямен қамтамасыз етіліп отыр. Бұл жерде жаттығу процесі, жарыстар мен демалыс туралы айтуға болады. Дегенмен, прогресс соншалықты тез болғандықтан, жыл сайын әртүрлі жабдықтар мен жаттығу құралдарының жетілдірілген модельдері пайда болуда. Сондықтан қазақстандық спортшыларға мұның бәрі қолжетімді екені қуантады. Бұл мемлекеттің спортты дамытуға жоғары көңіл бөлетінінің көрсеткіші», деп атап өтті қазақстандық конькимен жүгіруші, шорт-тректен халықаралық дәрежедегі спорт шебері Денис Никиша.

Спортшыларға трек және жол жарыстарына арналған құралдар (велоспорт), қайықтар, ескектер және жүрек соғу жиілігінің мониторларын (байдарка мен каноэде есу), ашық суда жүзуге арналған тренажер-4D, синхронды жүзуге арналған портативті жүйе сатып алынды. Жазғы спорт түрлерінде катушкалар мен арнайы кейстер (семсерлесу), доп таяқтар мен жабдықтар (доппен хоккей), ракеткалар (үстел теннисі), жиынтықтар, кимоно, трико және аяқкиім (таэквондо, дзюдо, парадзюдо және күрес түрлері) қарастырылған. Сонымен қатар қысқы спорт түрлері де назардан тыс қалмады. Олар велосипедтер, коньки мен комбез (шорт-трек және конькимен сырғанау), шаңғы, таяқ, етік және бекіткіштер (шаңғы жарысы және биатлон, парашаңғы жарысы және парабиатлон), шаңғы және бекіткіштер (фристайл, трамплиннен секіру) алады.

**Адема СЕРІКБАЙ,**
семсерлесуден жастар арасында Азия чемпионатының қола жүлдегері:

# СЕМСЕРЛЕСУ ОЙЛАУҒА, ТЕЗ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУҒА ҮЙРЕТЕДІ

**БҮГІНДЕ СЕМСЕРЛЕСУ СПОРТЫ ЕЛІМІЗДЕ ДЕ БЕЛЕҢ АЛЫП КЕЛЕДІ. КӨРІКТІ СПОРТТЫҢ БҰЛ ТҮРІМЕН АЙНАЛЫСЫП ЖҮРГЕН ЖАСТАРДЫҢ САНЫ АРТҚАНЫ ҚУАНТАДЫ. ТӘП-ТӘУІР НӘТИЖЕГЕ ЖЕТІП ЖҮРГЕНДЕРІ ДЕ ЖОҚ ЕМЕС. СОЛАРДЫҢ БІРІ – 23 ЖАСҚА ДЕЙІНГІЛЕР АРАСЫНДА КОМАНДАЛЫҚ СЫНДА АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫНДА ҚОЛА ЖҮЛДЕГЕР АТАНҒАН АДЕМА СЕРІКБАЙ. БОЛАШАҒЫНАН ЗОР ҮМІТ КҮТТІРЕТІН СПОРТШЫМЫЗ СЕМСЕРЛЕСУ НЕСІМЕН ҚЫЗЫҚТЫРҒАНЫН АЙТТЫ.**



**– Адема, бұл спортқа қалай келдіңіз?**

– Негізі кішкентайымнан өте белсенді болдым. Өзімше әжемді шайқасқа шақырамын. Әбден мезі еткен шығармын, бір күні әжем анама мені спортқа беруді тапсырды. Анам Шымкентте семсерлесу үйірмесін тауып, бәрін келісіп, мені ертіп барды. Ол кезде 3-сыныпта оқимын. Бұрын-соңды семсерлесу деген спорт түрінің бар екенін де білмеуші едім. Содан болар, қылышты, сабляны көріп осы спортпен шұғылданамын деп шештім.

**– Бұл спорт сізге несімен ұнады?**

– Әдемі спорт қой. Өзгелерге ұқсамайды. Басыңды істетуің керек. Стратегия құра білу – басты талап. Жылдам шешім қабылдау да семсерлесушіге таптырмайтын қасиет. Сабырлы болуды да ұмытпаған жөн.

Кішкентай кезімде таңғы ұйқыны қимай, жаттығуға барғым келмейді деп еркелейтінмін. Ондайда атам: «жаттығудан қалмауың керек, сен міндетті түрде чемпион боласың, сенің қолыңнан келеді», деп жігерлендіретін. Сол сөздері мені орнымнан атып тұрғызып, үзбей жаттығу жасауға жетелейтін.

Міне, солай қолдап-демеген, дұрыс бағыт-бағдар көрсеткен туған-туыстарыма алғыс айтамын.

**– Семсерлесумен айналысу үшін бойдың ұзындығы қаншалықты маңызды?**

– Адамның бойы шешуші рөл атқарады деп айта алмаймын. Ең алдымен миың жұмыс істеуі керек. Қолың мен саусақтарың мықты болуы қажет. Соққы жасау, қаруды қарсыласқа тигізу үшін мұның маңызы зор. Бастысы – қарсыласыңның алдын орап отыру, алдай білу. Қарсыласыңнан бір қадам алда болсаң, жеңіс те сенікі деген сөз.

**– Семсерлесу жарақаты көп спорт па, қандай жарақаттар жиі кездеседі?**

– Меніңше, ең жарақаты аз спорт түрлерінің бірі – осы семсерлесу. Ереже бойынша дұрыс киініп, барлық талаптарды сақтайтын болсаң, жарақат алмайсың. Менің семсерлесумен шұғылданып жүргеніме 8 жылдай болды. Содан бері бірде-бір жарақат алған емеспін.

**– Семсерлесумен айналысу көпшілікке қаншалықты қолжетімді?**

– Бәрін бастан-аяқ алсаң, арзан емес шығар. Бірақ қолжетімсіз деп айта алмаймын. Құрамада болғандықтан, жейдемен қамтамасыз етілгенбіз. Кейде спорттан кетіп жатқандар киімдерін тастап кетіп жатады немесе арзан бағаға сатады, солардан алуға болады.

**– Шымкентте, жалпы Қазақстанда бұл спортқа қызығушылар көп пе, даму деңгейі қалай?**

– Алматыдағыдай емес, Шымкентте қыздар арасында бәсеке төмендеу, себебі шұғылданушылардың саны аз. Спортшылар саны артса екен дейсің. Бәсеке жоғары болған жерде нәтиже де жақсарады. Ал елімізде қызығушылық өсіп келеді, қазірдің өзінде менің қатарымда мықты қыздар көп.

**– Тамақтану жағын білсек, салмақты қалыпта ұстау үшін арнайы диеталар ұстайсыздар ма?**

– Бізде диета деген жоқ, әдетте қалағанымды жей беремін. Себебі артық салмаққа ие емеспін. Егер күшің аз немесе қимыл-қозғалысыңа кедергі келетіндей салмақ болса, онда тамақтануыңды ретке келтіруің керек.

**– Жаттығу қалай өтеді? Шетелге шығуға мүмкіндік жасалған ба?**

– Күніне екі рет жаттығу жасаймыз, өз басым таңғы 9-дан 11-ге дейін және кешкі 4-тен 7-ге дейін барамын. Колледжде оқығандықтан, мұғалімдер жаттығуға түсіністікпен қарайды. Оқу мен спортты қатар алып жүремін.

Арасында шетелде, еліміздің өзге қалаларына оқу-жаттығу жиындарына барып тұрамыз. Мұның пайдасы орасан. Себебі тәжірибе алмасасың, өзгелердің әдіс-тәсілдерін үйренесің.

**– Спорт пен оқудан бос уақыт қала ма? Ондай кезде әдетте немен айналысасыз?**

– Қолым босай қалса, үй шаруасына көмектесемін, бауырларыма қарайласамын. Арасында өзге спортшылардың шайқасын көремін. Өзіме Олимпиада чемпионы украиналық Ольга Харланның өнері, қолданатын әдістері ұнайды, өте жылдам, мінезді спортшы.

**– Азия чемпионатында командалық құрамда қола жүлдегер атандыңыздар. Жалпы, қазір басты бәсекелестеріңіз кім?**

– Оңтүстік Корея спортшылары өте мықты. Жалпы, Азияда бәсеке жоғары деңгейде. Сол үшін көп жұмыс істеу керек. Осы жолда еңбектеніп жатырмыз.

Әңгімелескен –
**Мәдина АСЫЛБЕК**

# КӨШБАСШЫЛАР ІРКІЛМЕГЕН ЧЕМПИОНАТ

**АСТАНА ҚАЛАСЫНДАҒЫ «АЛАУ» МҰЗ АЙДЫНЫ САРАЙЫНДА КОНЬКИМЕН ЖҮГІРУДЕН СПРИНТЕРЛІК ЖӘНЕ КЛАССИКАЛЫҚ КӨПСАЙЫСТАН ЕЛ ЧЕМПИОНАТЫ АЯҚТАЛДЫ. ЕЛІМІЗДІҢ ӘР ӨҢІРІНЕН КЕЛГЕН СПОРТШЫЛАРМЕН БІРГЕ ӘЛЕМ КУБОГІ КЕЗЕҢДЕРІНЕН ЕЛГЕ ОРАЛҒАН ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМА ӨКІЛДЕРІ ДЕ СЫНҒА ТҮСТІ.**

Екі күнге созылған чемпионаттың спринтерлік көпсайысында әйелдер арасында Екатерина Айдова (Қарағанды облысы) қарсылас шақ келтірмеді. Күміс Дарья Говриловаға (Астана), қола Алёна Лифатоваға бұйырды. Ерлер арасында Евгений Кошкин жеңіске жетсе, Артур Галиев екінші (Астана), Александр Кленко (Қостанай) 3-орын алды.

Классикалық көпсайыста әйелдер арасында Алина Дауранова (Астана) чемпион атанса, күміс Арина Ильященко, қола Кристина Шумекованың (СҚО) еншісінде кетті. Ерлер арасындағы классикалық көпсайыста Астана қаласының конькишілері ешкімге дес бермеді. Ұлттық құрама көшбасшысы Дмитрий Морозов топ жарса, Демьян Гаврилов күміс, Бақдәулет Сағатов қола медаль иегері атанды.



# БАҚБЕРГЕНОВА – АЗИЯНЫҢ ҮЗДІГІ

**АЗИЯ БІРІККЕН КҮРЕС ӘЛЕМІ (UWW ASIA) 2022 ЖЫЛЫ ҚҰРЛЫҚТЫҢ ЕҢ ҮЗДІК БАЛУАНДАРЫН ЖАРИЯЛАДЫ.**

«Әйелдер күресі» аталымы бойынша Қазақстан құрамасының өкілі Жәмила Бақбергенова үздік спортшы атанды.

26 жастағы Жәмила Бақбергенова – Азия чемпионы және 2021 және 2022 жылдардағы әлем біріншіліктерінің екі дүркін күміс жүлдегері. Осы аптаның басында Мәдениет және спорт министрлігі оны осы жылдың үздік спортшысы деп жариялады.

Жәмила Бақбергеновадан басқа UWW Asia қырғызстандық Ақжол Махмудовты грек-рим стиліндегі балуандар арасында үздік деп атады. Ал еркін күресте бұл атақ жапониялық Таиси Нарикуниге бұйырды.



Бетті дайындаған – **Заңғар КЕРІМ**

# АЗИЯ АЛАМАНЫ

## ЖЕКПЕ-ЖЕК СПОРТ ТҮРЛЕРІНЕН ӨТКЕН ҚҰРЛЫҚ БІРІНШІЛІГІНДЕ ҚАНДАЙ НӘТИЖЕ КӨРСЕТТІК?

**ЕРТЕҢ 2022 ЖЫЛ ДА ТАРИХ ҚОЙНАУЫНА ЖОЛ ТАРТАДЫ. ОСЫНДАЙДА «БАРЫС ЖЫЛЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АРЕНАДА ЕЛ НАМЫСЫН ҚОРҒАҒАН ҚЫЗ-ЖІГІТТЕРІМІЗ ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ҮМІТІН АҚТАДЫ МА?» ДЕГЕН ЗАҢДЫ СҰРАҚ ТУЫНДАЙДЫ. БІЗ БҮГІН ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА ДЗЮДО, КҮРЕС, БОКС, ТАЕКВОНДО СИЯҚТЫ ЖЕКПЕ-ЖЕК СПОРТ ТҮРЛЕРІНЕН ӨТКЕН АЗИЯ ЧЕМПИОНАТТАРЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫН ҰСЫНАМЫЗ. КЕЛЕСІ ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАН СПОРТШЫЛАРЫН ПАРИЖ ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ ІРІКТЕУ ЖАРЫСТАРЫ МЕН ЖАЗҒЫ АЗИЯ ОЙЫНДАРЫ КҮТІП ТҰР. ЕЛ НАМЫСЫ СЫНҒА ТҮСЕТІН БАЙРАҚТЫ БӘСЕКЕЛЕРДЕ АТАЛҒАН СПОРТ ТҮРЛЕРІНЕН ЖҮЛДЕ КҮТЕТІНІМІЗ ЖАСЫРЫН ЕМЕС.**



Күрес түрлерінен Азия чемпионаты

### ҚЫРҒЫЗДАРМЕН БӘСЕКЕЛЕСУ ҚИЫН БОЛЫП ТҰР

Барыс жылына жоспарланған Азия чемпионатын балуандарымыз бастады. Моңғолияның Ұлан-Батыр қаласында өткен Азия чемпионатында күрестің үш түрінен 30 медаль жиынтығы сарапқа салынды. Қазақстан құрамасының балуандары соның 5 алтын медаліне ие болды.

Серік Жұмашев баптайтын грек-рим күресі 10 салмақтың 9-ында жүлде алды. Екі салмақта, яғни, 67 және 130 келіде күрескен Мейіржан Шермаханбет пен Әлімхан Сыздықов қарсылас шыдатпай, өз салмақтарында топ жарса, тағы бес балуанымыз финалда сүрініп, күміс медальды қанағат тұтты.

Командалық есепте грек-рим күресінің балуандары бірінші орынға ие болды (ұпай санымен есептеледі). Алайда құрлық бәсекесі барысында біздің балуандар Иран, Қырғызстан балуандарының алдында дәрменсіздік танытты. Қырғыз ағайындар 10 салмақтың 3-уінде жеңімпаз атанса, парсы елінен келген спортшылар 4 салмақта өз мықтылықтарын дәлелдеді.

Еркін күрестен 86 келі салмақта күресken Азамат Дәулетбеков алтын алмағанда балуандарымыздың қоржыны бос қайтар ма еді?! Азаматтың биылғы дайындығы өте жақсы болды. Азия чемпионатында топ жарды, әлем чемпионатының қола жүлдегері атанды.

Иранның еркін күрес балуандары Азияда ғана емес, әлем бойынша да алдыңғы қатарда. Олар 10 салмақтың 6-ында чемпион атанды. Қалған 4 салмақтың бас жүлделерін Қазақстан, Үндістан, Жапония (2 чемпион) бөлісті.

Әйелдер күресінде Жәмила мен Мәдина Бақбергеновалардың биыл бағы жанды десек, артық айтқанымыз емес. Жәмила Азия чемпионы деген атағымен қатар, әлем чемпионатының күміс медалін да жеңіп алды. Оның сыңары Мәдина Ұлан-Батырдағы Азия чемпионатында жеңімпаз болды. Ал жақында АҚШ-та өткен халықаралық турнирден Мәдина мен Жәмила бас жүлдемен оралды.

Азия чемпионатының қорытындысы бойынша грек-рим күресі 2 алтын, 5 күміс, 2 қола медаль алса, еркін күрес шеберлерінде 1 алтын, 3 күміс, 4 қола медаль бар. Қыздардың еншісінде 2 алтын, 2 қола медаль.

### АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

**Грек-рим күресі.**

**Алтын медаль:** Мейіржан Шермаханбет (67 келі), Әлімхан Сыздықов (130 келі);

**Күміс медаль:** Аманғали Бекболатов (55 келі), Мейрамбек Айнағұлов (63 келі), Абылайхан Әмзеев (72 келі), Мақсат Ережепов (77 келі), Диас Қален (82 келі);

**Қола медаль:** Ернұр Фидахметов (60 келі), Нұрсұлтан Тұрсынов (87 келі).

**Еркін күрес.**

**Алтын медаль:** Азамат Дәулетбеков (86 келі).

**Күміс медаль:** Рахат Қалжан (57 келі), Нұрқожа Қайпанов (74 келі), Әлішер Ерғали (125 келі);

**Қола медаль:** Акбар Құрбанов (61 келі), Талғат Сырбаз (70 келі), Әділет Дауламбаев (92 келі), Мамед Ибрагимов (97 келі).

**Әйелдер күресі.**

**Алтын медаль:** Мәдина Бақбергенова (68 келі), Жәмила Бақбергенова (72 келі);

**Қола медаль:** Жұлдыз Эшимова (53 келі), Гүлмарал Еркебаева (76 келі).

Таеквондодан Азия чемпионаты

### КОРЕЯ ЖІГІТТЕРІ КІМНЕН ЖЕҢІЛДІ?

Батырбек Есдәулетов баптайтын Қазақстан құрамасының таеквондошылары биылғы Азия және әлем чемпионатында бақ сынады. Жақында аяқталған әлем чемпионатынан қоржынымыз бос қайтты. Ал жаз айында құрама қыз-жігіттері Азия чемпионатынан 1 күміс, 7 қола медальмен оралды. Егер осыған дейінгі өтіп келген Азия чемпионаттарымен салыстырар болсақ, 8 медаль жақсы көрсеткіш. Бірақ санынан гөрі сапасы маңыздырақ екенін ескерсек, қазақстандық спортшылар Иран, Өзбекстан, Корея, Қытай сияқты елдерден әлдеқайда төмен нәтиже көрсетті. Өзбекстанның жігіттері 8 салмақтың тең жартысында чемпион атанып, Корей құрамасын жолда қалдырып кетті. Өзбекстанда соңғы жылдары таеквондо спорты өте жоғары қарқынмен дамуда. Токиода өткен Олимпиада ойындарында олардан чемпион шықты. Азия чемпионатында таеквондоны «төл спортымыз» деп танитын Кореяны тақырға отырғызып кетті. Мексикада аяқталған әлем чемпионатында 1 алтын, 1 күміс, 2 қола медальға ие болды.

**Азия чемпионатының қорытындысы**

**Күміс медаль:** Жансель Дениз (73 келі);

**Қола медаль:** Рита Бакишева (46 келі), Ботакөз Қапанова (49 келі), Жасурбек Исраилов (58 келі), Нұрай Хусаинова (67 келі), Әділет Базарбаев (63 келі), Нұрлан Мырзабаева (80 келі), Смайыл Дүйсебай (87 келі);

Дзюдодан Азия чемпионаты

### ЖҮЛДЕ ТАРАТУҒА ЖОМАРТПЫЗ

Биыл Қытайда жазғы Азия ойындары өтетін болғандықтан құрлық біріншілігі жоспарда жоқ еді. Алайда Қытай билігі төрт жылда бір өтетін жазғы Ойындарды келесі жылға шегергендіктен Азияның дзюдо қауымдастығы құрлықтық жарысты Астанада өткізу туралы шешім шығарды. Бұл шешім біздің қыз-жігіттерге әлемдік рейтингте ұпай жинауға тамаша мүмкіндік еді. Бірақ дзюдошыларымыз мүмкіндіктерін толық пайдалана аламады. Сарапқа салынған 14 салмақтың тек 3-уінде ғана финалға шыққан татами шеберлері Жапонияны айтпағанда Моңғолия, Өзбекстан, Біріккен Араб Әмірлігінің спортшыларына ұпай беріп қойды.

Жапония балуандары бұл сында 10 алтын медальмен командалық есепте бірінші орынға ие болды. Моңғолияға 2 алтын медаль бұйырды. Өзбекстан мен Қазақстан 1 алтын, 2 күміс, 6 қола медальдан алып, турнир кестесінде 3-орында қатар тұрды.

**Азия чемпионатының қорытындысы**

**Алтын медаль:** Данияр Шамшаев (73 келі);

**Күміс медаль:** Ислам Бозбаев (100 келі), Абиба Әбужақынова (48 келі);

**Қола медаль:** Мағжан Шамшаддин (60 келі), Ғұсман Қырғызбаев (66 келі), Дидар Хамза (90 келі), Нұрлыхан Шархан (100 келі), Аруна Жангелдина (78 келі), Аралас құрама (командалық жарыс);

### ӨЗБЕКТЕР ТАҒЫ ДА ОЗДЫ

Таяуда Иорданияның Амман қаласында бокстан Азия чемпионаты өтті. Ерлер мен әйелдер арасында өткен сары құрлықтың бәсекесінде былғары қолғап шеберлеріміз командалық есепте бірінші орын алды. Алайда, бұл ерлер мен әйелдер боксын қоса есептегенде. Ал, ерлер мен әйелдерді жеке бөліп қарайтын болсақ, әлсіз тұсымыз «тайға таңба басқандай» анық байқалды. Яғни Қазақстанның ерлер құрамасы бұл жолы да Өзбекстан құрамасын алға шығарып алды. Өзбектер сарапқа салынған 13 салмақтың 5-уінде бас жүлде алса, біздің жігіттер тек 3 салмақта ғана жеңімпаз атанды. Өкініштісі сол, финалдық бәсекеге жолдама алған 6 боксшының 4-еуі өзбектерден жеңілді.

Келесі жыл боксшыларымыз үшін өте маңызды жыл. Алдымен Ташкентте әлем чемпионаты өтеді. Одан кейін Қытайда жазғы Азия ойындары жоспарланған. Міне, дәл осы Азия ойындарында Қазақстан боксшылары Париж олимпиадасының жолдамаларын сарапқа салады. Халықаралық Олимпиада комитеті бокстағы салмақ дәрежелеріне өзгеріс енгізген-ді. Бұдан былай ерлер 7 салмақта, әйелдер 6 салмақта күш сынасады. Жолдама алатындар алдымен Азия ойындарында анықталса, қалғандары 2024 жылы өтетін екі бірдей әлемдік іріктеу турнирінде белгілі болады. Қазақстан үшін ең басты қарсылас әрине өзбектер. Тайланд, Қытай, Жапония, Моңғолия, Филиппин және Үндістан боксшылары да қара жаяу емес. Сондықтан құрамадағы қыз-жігіттеріміз Жазғы Азия ойындарында барын салуға тиіс.



### АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

***Ерлер.***

**Алтын медаль:** Санжар Тәшкенбай (48 келі), Асланбек Шымбергенов (71 келі), Айбек Оралбай (92 келі);

**Күміс медаль:** Сәкен Бибосынов (51 келі), Махмұд Сабырхан (54 келі), Серік Темiржанов (57 келі), Дулат Бекбауов (67 келі), Нұрқанат Райыс (75 келі), Қамшыбек Қоңқабаев (+92 келі);

**Қола медаль:** Саматәлі Төлтаев (60 келі), Нұрбек Оралбай (80 келі), Сағындық Тоғамбай (86 келі).

***Әйелдер.***

**Алтын медаль:** Алуа Балқыбекова (48 келі), Жайна Шекербекова (54 келі), Карина Ибрагимова (57 келі);

**Күміс медаль:** Гүлсая Ержан (81 келі);

**Қола медаль:** Назым Қызайбай (50 келі), Жазира Орақбаева (52 келі), Мәдина Нұршаева (66 келі), Дариға Шәкімова (70 келі), Ляззат Күнгейбаева (+81 келі).

*Міне, Қазақстан спортшыларының Азия чемпионатында жеткен жетістіктері осындай. Жекпе-жек спорты жанымызға жақын. Яғни, оң жамбасымызға келетін спорт түрі. Десек те соңғы жылдары күрес түрлері мен бокстан көршілес өзбек пен қырғыздарға есе жіберіп жатырмыз. Күреске келгенде қырғыз, боксқа келгенде өзбек күшті екенін мойындайтын уақыт жеткен сияқты.*

**Заңғар КЕРІМ**

**Қазақстан мен Өзбекстан спортшыларының жекпе-жек спорты түрлері бойынша Азия чемпионатынан жеңіп алған медальдары**

| Спорт түрлері | Қазақстан | | | | Өзбекстан | | | | Қырғызстан | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | алтын | күміс | қола | барлығы | алтын | күміс | қола | барлығы | алтын | күміс | қола | барлығы |
| Грек-рим күресі | 2 | 5 | 2 | 9 | 0 | 2 | 3 | 5 | 3 | 0 | 3 | 6 |
| Еркін күрес | 1 | 3 | 4 | 8 | 0 | 0 | 2 | 2 | 0 | 1 | 4 | 5 |
| Әйелдер күресі | 2 | 0 | 2 | 4 | 0 | 0 | 1 | 1 | 1 | 2 | 0 | 3 |
| Таеквоондо | 0 | 1 | 7 | 8 | 4 | 1 | 2 | 7 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| Дзюдо | 1 | 2 | 6 | 9 | 1 | 2 | 6 | 9 | 0 | 1 | 1 | 2 |
| Бокс (ерлер) | 3 | 6 | 3 | 12 | 5 | 2 | 3 | 10 | 0 | 0 | 4 | 4 |
| Бокс (әйелдер) | 3 | 1 | 5 | 9 | 1 | 1 | 1 | 3 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| **Барлығы:** | **12** | **18** | **29** | **59** | **11** | **8** | **18** | **37** | **4** | **4** | **12** | **20** |

# СПОРТШЫНЫҢ ЖҮРЕГІНДЕ ҚАЙРАТ, КӨЗІНДЕ ОТ БОЛУЫ ҚАЖЕТ!

## НЕМЕСЕ СОҢҒЫ ЖЫЛДАРДАҒЫ ОЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫНАН ТҮЙГЕН КЕЙБІР ОЙЛАР...

**ЖАҚЫНДА АСТАНАДА 2024 ЖЫЛЫ ПАРИЖДЕГІ ОЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫНА СПОРТ ТҮРЛЕРІНЕН ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМА КОМАНДА СПОРТШЫЛАРЫНЫҢ САПАЛЫ ДАЙЫНДЫҒЫ МЕН НӘТИЖЕЛІ ӨНЕР КӨРСЕТУІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МАҚСАТЫНДА КЕҢЕЙТІЛГЕН АЛҚА ОТЫРЫСЫНЫҢ ӨТКЕНІН ГАЗЕТІМІЗДІҢ ӨТКЕН САНДАРЫНДА ЖАЗҒАНБЫЗ. ОТЫРЫСТЫҢ СЫНИ ТҰРҒЫДА ӨТКЕНІН ДЕ АЙТҚАНБЫЗ. АЛҚА МӘЖІЛІСІНДЕ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРІ ДӘУРЕН АБАЕВ ҚАТЫСЫП, СӨЗ СӨЙЛЕДІ. «ПАРИЖ ОЛИМПИАДАСЫ КӘСІБИ ДАЙЫНДЫҒЫМЫЗДЫҢ КӨРСЕТКІШІ БОЛМАҚ. ТОКИО МЕН БЕЙЖІҢ ОЙЫНДАРЫ СПОРТШЫЛАРЫМЫЗДЫҢ ДАЙЫНДЫҒЫНА ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕНІҢ КҮРДЕЛЕНІП КЕТКЕНІН КӨРСЕТТІ. ОЛАРДЫҢ КЕЙБІРІ ТІПТІ ЛИЛЛЕХАММЕРДЕГІ, АТЛАНТАДАҒЫ ОЙЫНДАРДАН БЕРІ КЕЛЕ ЖАТҚАНЫН БАЙҚАУҒА БОЛАДЫ. ФРАНЦИЯДА СОЛ ОЛҚЫЛЫҚТАРДЫҢ БАРЛЫҒЫН ТҮЗЕТУІМІЗ ҚАЖЕТ», – ДЕДІ ОЛ.**



Сонымен біз министр сөзінен соң сонау 1994 жылы ақпанның 12-сі мен 27-сі аралығында Норвегия астанасы Лиллехаммер қаласында өткен XVII қысқы Олимпиада мен 1996 жылғы АҚШ-тың Атланта қаласында өткен XXVI жазғы Олимпиада ойындарын еріксіз еске түсіруімізге тура келді. Қазақстан спортшылары тұңғыш рет 1994 жылғы қысқы Олимпиадаға тәуелсіз елдің жалынды жастар командасы ретінде қатысқанын көпшілік жақсы біледі. Жас мемлекетіміз әлі оңы мен солын танып үлгермеген тұста спортшыларымыз әлем алдында өздерінің табандылықтарын және болашағымыздың барын да байқатқанын ашық айтқанымыз жөн. Қысқы Олимпиадаға 67 мемлекеттен 1 737 спортшы қатысты. Олар спорттың 12 түрі бойынша 61 жүлде жиынтығын сарапқа салды. Шаңғы спортынан Көкшетау өңірінің тумасы Владимир Смирнов 1 алтын, 2 күміс және 1 қола медаль алып, отандастарын үлкен қуанышқа бөлегенін қалай ұмытпақпыз?! Әсіресе, Владимир Смирновтың ерлер арасындағы 50 шақырымдық жарыста өзге елдің шаңғышыларынан оқ бойы озып, мәре сызығынан бірінші болып өткендігі шынында қайталанбас тарихи оқиға еді. Бұл – тәуелсіз Қазақстан тарихындағы Олимпиада ойындарының бірінші жүлдесі. Яғни азаттықтың алғашқы алтыны деп қуанғанымыздан басымыздағы құлақшынды аспанға лақтырғанымыз да рас. Соның арқасында жалпыкомандалық есепте Қазақстан спортшылары қысқы Олимпиада да 12-орынға көтеріліп, мерейімізді асқақтатты.

Ал 1996 жылы 20 шілде мен тамыздың 4-і аралығында АҚШ-тың Атланта қаласында өткен XXVI жазғы Олимпиада ойындарының еліміз үшін орны тым ерекше екенін айтпасақ та түсінікті. Себебі Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде тұңғыш рет әлемдік деңгейдегі жазғы Олимпиадаға қатысты. Жас болса да қазақстандық әр спортшы өздеріне жүктелген жауапкершілікті тереңнен түсініп, аламан тартыста мүмкіндігінше жақсы нәтижеге қол жеткізуге тырысты. Нәтиже де жаман болған жоқ. Атап айтқанда, бессайыстан Александр Парыгин, грек-рим күресі бойынша Юрий Мельниченко, бокстан Василий Жиров алтын медальдарды жеңіп алды. Ауыр атлетикадан Анатолий Храпатый, нысана көздеуден Сергей Беляев, бокстан Болат Жұмаділов күміс медальдарға қол жеткізді. Сондай-ақ бокстан Болат Ниязымбетов пен Ермахан Ыбрайымов, еркін күрестен Мәулен Мамыров, нысана көздеуден Владимир Вохмянин қола медальды қанжығаларына байлады. Жалпы командалық есепте жерлестеріміз Олимпиада ойындарына барған 196 елдің арасынан 24-орынға тұрақтады. Бүгінгі көзбен айтсақ, спортшыларымыздың сол кездегі көрсеткіштеріне көңіліміздің толғаны анық. Ең негізгісі, спортшыларымыздың барлығы да өз еліміздің тумалары. Біз соған қуандық.

Дегенмен осыдан 26 жыл бұрын өткен Атланта Олимпиадасына назар аударып, сол кездегі әлемге әйгілі, дүбірлі доданың тыныс-тіршілігінен хабардар болуы үшін еркін күрестің қола жүлдегері Мәулен Мамыровтың «Жас Алаш» газетінің тілшісі Жамал Камашқа айтқан жүрекжарды сөзіне назар аударсақ: «1996 жылы Атлантада алау тұтанған Олимпиада ойындары менің спорттық ғұмырымдағы ең бір шарықтау шегіме жеткен кезіммен тұспа-тұс келді. Америка кілеміндегі қарсыластарым – кілең көкжалдар. Бірақ мен олардың ешқайсысынан қаймыққан жоқпын. Бірінші кездесуде канадалық Вудсрофты ұттым. Келесі белдесуде КСРО халықтары Спартакиадасында мені алтыннан айырған украиналық Владимир Тогузовтан «кегімді» алдым. Одан кейін төрткүл дүниенің теңдессізі болгариялық Валентин Иордановтан ұтылғаным, әрине, өкінішті. Негізі оны жеңуге болар еді. Төреші белгі берген бетте мен бірден шабуылдап, оның аяғынан іліп әкеттім де, жерге алып ұрдым. Үш баллға татитын әдіс еді, алайда төрешілер бір ұпай ғана берді. Жерде аунатып алдым да тағы екі ұпай олжаладым. Сәлден кейін қолын «кісендеп», жауырынын жерге қадауға ыңғайландым. Иордановтың сондағы бет әлбетін көрсеңіз, өңі қашқан, сұп-сұр. Мұндай бейшара күйде Валентинді бұрын-соңды көрген емес едім. Бір мезетте оның жанайқайы бүкіл залды жаңғыртты. Өзім де қапияда не болғанын түсінбей қалдым. Төреші бәсекені дереу тоқтатып, ортаға дәрігерлерді шақыртты. Олар Валентиннің қолын ұстап көріп, ештеңе болмағанына көз жеткізген соң, қайта кілемге шығарды. Бұл ретте төрешілерден ағаттық кетті. Жалпы, жеті рет әлем чемпионы атанған адамдар жер бетінде санаулы ғана ғой. Бәлкім, осы жағдай кілемдегі қазыны осындай қадамға баруға мәжбүр еткен болар. Иордановтай атышулы балуанның жан даусы шыққанда, олардың «үнсіз» қалуға дәті шыдамады-ау деймін. Ал мені қынжылтатын бір мәселе, мұндай жағдайда маған екі ұпай беріліп, қарсыласым қайта төрттағандауға тиіс еді. Олай болмады. Екеуміз тік тұрып, қайта күрестік. Сол аралықта мен қателікке бой алдырдым. Сол жалғыз ғана қателік мені Олимпиада алтынынан айырды. Бірақ мен мойыған жоқпын. Одан кейінгі қарсыласымды оңай ұттым. Ал шешуші бәсекеде ресейлік Чешенол Мангуштан басым түсіп, Олимпиаданың қола медалін мойныма ілдім», дейді Мәулен Сатымбайұлы.



Бұл жерде не айтуға болады. Қазылардың жазғы Олимпиадаға жаңадан қосылған қазақстандыққа қарағанда, әлемнің жеті дүркін чемпионы Иордановтың беделін қолдап тұрғаны да айдан анық. Бүйректері бұрып, жеңісті де Мамыровтың қарсыласына ыңғайлағаны да түсінікті.

Халықаралық дәрежеде кез келген елдің екі жағдайда Туы көтеріліп, Әнұраны шырқалады. Оның бірі Мемлекет басшысы өзге елге ресми сапармен барғанда, екіншісі – спорттық жарыстарда спортшысы жеңіске жеткенде. Демек, жоғарыдағыдай құрмет тәуелсіз ел екеніңді мойындағанда, сосын мықтылығыңды дәлелдегенде ғана көрсетіледі. Президентке көрсетілетін мемлекеттік дәрежедегі сый құрметтің жөні бөлек, ал спортшылардың ел мерейін асқақтатуы – күллі әлем халқының көз алдында өтіп, тікелей танылатын ерекше құбылыс. Зор қуаныш деп осы жағдайды айтуға болады.

Реті келіп тұрғанда әрі өзіміздің жас спортшыларымызға жігер беріп намыстарын қайрау үшін алдыңғы буын ағаларымыздың бозкілемдегі көзсіз ерліктерін қайталап айтып отырғанымыз да артық болмас деген ойдамыз. Мысалы, 1980 жылғы Мәскеу Олимпиадасының чемпионы Жақсылық Үшкемпіров ағамыздың сол бір дүбірлі додадағы естен кетпес тарихи сәтті алайықшы. Жақсылық: «Бүгін не жеңем, не осы бозкілемде өлем!» деп іштей ант іштім», дейді. Гонг соғылғанда Жақсылық: «Біссімілләә! Я, Аллам, қолдай гөр!», деп дауысын шығара сыйынып, қарсыласына тап берді. Осы бір тарихи сәтті «Лениншіл жас» газетінің редакторы Сейдахмет Бердіқұлов ағамыз былай суреттеген еді. «...Айтып айтпай не керек, күткен күн келді. Ентігіп жетсек, еңселі сарайдың төсінде тізілген күрес кілемі гүрс-гүрс. Константиннің бойы Жақсылықтан 15 сантиметрге биік! Сұңғақ! Жауырынды! Білегінің, санының бұлшық еттері ойнап тұр. Біздің Жақсылық жатағандау. Салған беттен қарсыласын ішке қаусырды да, оң жамбасқа тастап жіберді. Тілеулестері: «Ойбай, Жақсылық, байқа!», деп шу ете қалды...

Жақсылық айтады: «Олимпиададан басқа атақтың бәрін алып қойған Константин Александру нағыз бабында екен. Шабуылды үсті-үстіне жасады. Көзі тура от шашады. Күреске емес, төбелеске шыққандай. Ашу буған балуанның алысқа бармайтынын баяғыдан білем ғой. «Ә дегеннен тықсырып алам, былтырғы кеткен есемді қалай да қайтарамын», деп құлшынып шыққан Александрудың алғашқы қарқынын қайтарып тастап едім, оны ыза буды. Бір әдіс те жасатпадым. Екінші кезең болғанда есепті 5:1-ге жеткіздім. Сәті келгенде ту сыртынан шығып, кілемге бір аунатып алғанымда, алдымда басқа Александру тұрғандай болды. Бірақ шабуылы бәсеңдемеді. Білектен ұстап әлсірететін бір әдісім бар еді, соны жасадым. Күрескенде қарсыласымның оң қолының білегіне жабысып, қатып қаламын. Қандай күшті балуан болса да, білегіне қан жүрмей сығымдалған соң, жаны кетіп, қолы жұмыс істемей қалады.

Үшінші кезеңде екеуміз де бір-бір ұпайдан зорға алдық. Тоғызыншы минуттың соңына дейін кілемге жаңа шыққандай арпалыстық. Ақыры Александруды 6:2 есебімен ұттым. Сол жекпе-жек мен үшін Олимпиададағы ең қиын күрес болды», деген еді балуан журналист Төлеген Жәкітайұлына берген сұхбатында.

Қазақ спортшылары үшін ең бір сәтті өнер көрсету 2012 жылдың XXX Олимпиада ойындары болып еді. Байрақты бәсеке Британия астанасы Лондонда шілденің 27-сі мен тамыздың 12-сі аралығында өтті. Оған әлемнің 204 елінен 10 мыңнан астам спортшы қатысты. Қазақстаннан 116 спортшы барып, олар 25 спорт түрінен додаға түсті. Осы жолғы жарыста Қазақстан командасының әлем алдында мерейі көтеріліп, бұрын-соңды ел тарихында болмаған ірі жетістікке қол жеткізгені күні кешегідей есімізде. Өзіңіз қараңыз, осы жолы тәуелсіздіктің 21 жылдығында 7 алтын, 1 күміс, 5 қола медаль алып, айды аспанға шығардық емес пе?! Жалпыкомандалық есепте 204 ел арасында 12-орынға табан тіредік. Не деген керемет десеңізші! Дүбірлі додада бокстан Серік Сәпиев, ауыр атлетикадан Илья Ильин, Зүлфия Чиншанло, Майя Манеза, Светлана Подобедова, жеңіл атлетикадан Ольга Рыпакова, велоспорттан Александр Винокуров Олимпиада чемпионы болса, бокстан Әділбек Ниязымбетов күміс, еркін күрестен Ақжүрек Таңатаров пен Гузель Манюрова, грек-рим күресінен Даниял Гаджиев, бокстан Марина Вольнова мен Иван Дычко қола жүлде иесі атанды. Сөйтіп, тарихта тұңғыш рет Олимпиада ойындарында жеті рет қазақтың Туы көкке көтеріліп, жеті рет Әнұраны әлем халқы алдында шырқалды. Әрине, белгілі бір уақыт өткен соң допинг дауы басталып, спортшыларымыздың біразы сол медальдан қағылды, әсіресе, ауыр атлеттерге оңай соқпағаны мәлім. Ол өзінше бір жеке тақырыптың әңгімесі.

Реті келіп тұрғанда айтсақ, Бейжің қысқы Олимпиадасы 2022 жылдың ақпан айында өтті. Бұл додалы жарысқа әлемнің 91 елінен 4 мыңға жуық спортшы қатысып, 109 медаль жиынтығын сарапқа салды. Нәтижесінде, 29 елдің спортшылары ғана жеңіс тұғырына көтерілді. Ал қалған 62 елдің спортшылары тек жарысқа қатысып, қоржындарын бос арқалап қайтты. Олардың ішінде қазақстандық спортшыларымыз да бар. Бейжің Олимпиадасына еліміздің намысын қорғауға 8 спорт түрінен 34 спортшымыз қатысты. Олар: шаңғы жарысы, фристайл-могул, шаңғы акробатикасы, тау шаңғысы, шаңғымен секіру, биатлон және шорт-трек түрлерінен сынға түсті. Өкінішке қарай, спортшыларымыздың ешқайсысы да жүлделі орындардан көріне алмады.

Бір қызығы, Мемлекет басшысы Бейжіңдегі «Құс ұясы» ұлттық стадионында өткен XXIV қысқы Олимпиада ойындарының ашылу салтанатына арнайы барып қатысты. Көк байрағымызды желбіретіп өткен спортшыларға қол бұлғап, қолдау көрсеткенін де көзіміз көріп отырды. Не керек, нәтиже жоқ.

Алдағы Париж Олимпиадасы 2024 жылдың 26 шілдесі мен 11 тамызы аралығында өтеді. Олимпиада ойындарында спорттың 32 түрі қамтылады. Әлемнің 200-ден аса мемлекетінен келген спортшылар 306 жүлде жиынтыған сарапқа салады. Бір сөзбен айтқанда, спортшының жүрегінде жігер, көзінде оты болмаса, ол адам олимп шыңына қалай көтеріледі деп біз отырмыз?!

**Мәулетхан АҚСАНОВ,**
«Қазақ спорты» газетінің өз тілшісі

Рамазан САЛЫҚЖАНОВ,

МАРАФОНШЫ:

# 240 ШАҚЫРЫМ ЖҮГІРІП СПОРТ ШЕБЕРІ АТАНҒЫМ КЕЛЕДІ



**ҚАЗАҚСТАНДА 50 ПАЙЫЗДАН АСТАМ ХАЛЫҚ АРТЫҚ САЛМАҚҚА ИЕ. АЛ БҰЛ – АУРУШАҢДЫҚТЫҢ БАСТЫ БЕЛГІСІ. СӨЙТЕ ТҰРА МҰНЫМЕН КҮРЕСУГЕ ҰМТЫЛМАЙТЫНЫМЫЗ ҮРЕЙЛЕНДІРЕДІ. КЕЗІНДЕ ӨЗІ ДЕ АРТЫҚ САЛМАҚТЫҢ ЗАРДАБЫН ТАРТҚАН МАРАФОНШЫ РАМАЗАН САЛЫҚЖАНОВ МЕЗГІЛСІЗ ТАМАҚТАНУ, АУРУШАҢ БОЛУ НЕГЕ КӨПШІЛІК ҮШІН ТИІМДІ ЕКЕНІН АЙТЫП БЕРДІ.**



**– Рамазан Саттарұлы, бір сұхбатыңызда жүгірумен артық салмақтан арылу үшін айналысып бастадым депсіз. Сонда спортқа бет бұрмас бұрын салмағыңыз қанша еді?**

– Салмағым 90 келіге дейін өсті. Тиісінше қан қысымым көтерілді, тыныс алу, жүріп-тұрудың өзі қиындай түсті. Киімдерім сыймай қалғаны тағы бар. Бұлай жалғаса бергені дұрыс емес екенін түсініп, 2014 жылдың күзінде жаттығу залына бардым. Бастапқыда велотренажер айдап, зілтемір көтерсем, 2015 жылдың ақпанынан бастап жүгіруге кірістім.

**– Алғашқы нәтиже қашан байқалды? Қазір салмағыңыз қанша?**

– Екі айдан соң-ақ кәдімгідей салмақ тастадым. 2015 жылдың сәуір айында Алматыдағы алғаш жарысыма қатысу бұйырды. Сонда қарсы алған достарым мені көріп таңғалды. «Жасарып кетіпсің ғой» деп жатты. Мұның өзі адамды кәдімгідей қанаттандырады.

Қазір салмағым 73 келі. Ал жарыс алдында 71 келіге дейін түседі. Әдетте адамның ыңғайлы салмағын анықтау үшін оның бойын сантиметрмен есептеп, содан 100-ді алып тастайды. Ал біз секілді желаяқтар үшін әлгі көрсеткіштен тағы 15 келіні шегеру керек.

**– Алғашқы жарысыңыз жартылай марафон екен. Жалпы, бұрын-соңды жүгірумен айналыспаған адамға марафонға қатысу үшін қанша уақыт керек?**

– Денсаулығы сыр бермей, жүрегі қалыпты болса, онда 7-8 айда 42 шақырымды жүгіріп өтуге болады. Шәкірттерімнен алдымен ЭКГ сұратамын, сосын аяқ-қолына ешқандай шағыма болмаса, онда дайындыққа кірісеміз. Дұрысы бастапқы үш айда 10 шақырым, 6-7 айда 25-ке көшіп, екінші маусымда ғана 42-ге өтуге болады.

Алғашқы жарысым өте қызық өтті. Топырлаған адам, сәуірде Алматының ауа райын білесіздер – жып-жылы. 21 шақырымды 1,50-де бағындырсам деген жоспар болған, дегенмен бабыма қарасам 1 сағат 45 минутқа да үлгеретіндей көрінді де, өзге балаларға ілестім. Соным қате болған екен. Себебі өзімді қамшылап, қинай түстім. Нәтижем – 1,48. Мәреге зорығып жеттім. Себебі ұйқы дұрыс болмаған. Жарыс алдында достарым түнгі екіге дейін қонақ қылып күтті. Кезінде бәріміз әскерде әуе десанттарында қызмет еткенбіз.

Соның өзінде жарыс алдында ішкілік ішуге болмайтынын білетінмін, бір апта бойы жейтін тағамдар тізімі бар, оның бәрін сақтадым. Тек сол ұйқының қанбауы кері әсерін тигізді.

**– Марафон алдындағы даярлық жайлы айтып берсеңіз.**

– Жарысқа үш күн қалғанда ұйқың қанғанша ұйықтауың керек, ол шамамен 9 сағаттай. Сол үш күннің тым құрыса екеуі қатарынан болуы керек. Жарыс күні ауыр тамақ ішуге мүлде болмайды. Алғашқы марафондағы тағы бір қателігім – қарындасымның көңілін қимай, таңертең сорпа мен бір жапырақ ет жегенімде. Одан қалды Астананың ауа райына дайындалып барғанмын ғой, екі қабат жейде, тізеге дейін сираққап, тізені де жауып алғанмын. Яғни ұйқы, тамақ және киім – осы үшеуі ыңғайлы жүгірістің басты факторлары.

**– Жалпы, марафонға саналы түрде келу керек, өйткені төзімділікті талап етеді, сол үшін де шығар, бұл спорт ересек адамдар арасында танымал. Шәкірт тәрбиелейді екенсіз, оларды қалай іріктейсіз және марафоншыға тағы қандай қасиеттер керек деп санайсыз?**

– Біздің «Jelaiaq Running Professor» клубының мақсаты – ақылды әрі ыңғайлы жүгіруге үйрету. Келген адамның болмыс-бітіміне қараймыз. Алдымен 10, сосын 21, әрі қарай қызығушылығы болса ғана 42 шақырымға дайындаймыз. Өзім 42-ні бағындырсам, өмірге жаңа туғандай әсерге бөленемін деп елестететінмін, ол өзі бір тылсым күш секілді. Сол жүгіруден, соны тіпті елестеткеннің өзінен рахат алуың керек. Өзім сондаймын, делебем қозады. Ләззатты ішімдіктен немесе тәтті тамақтан емес, жүгіруден аламын.

Ал шәкірттерді іріктеуге келсек, денсаулығына жіті мән беремін. Жүрек, аяқ-қолынан бөлек, омыртқадағы протрузиясы бар адамдарды да алмаймын, кез келген бұрыс қимыл оны асқындырып жіберуі мүмкін. Ал бабын тапсаң, енді басталып жатқан протрузияны емдеуге болады. Бірақ мен ол деңгейге жеткен жоқпын. Жас деңгейі бойынша, бұған дейін жүгірумен айналысқан және айналыспағандардың топтары бөлек.

Марафонмен айналысу үшін адамға үш нәрсе керек – уақыт, ақша және мотивация. Осы үшеуі тоғысқанда ғана нәтиже шығады. Уақыт пен мотивация түсінікті. Ал қаржыға келсек, өзге спорттағыдай көп болмаса да, жарысқа ыңғайлы киім, аяқкиім, сағат алатын, сосын сол жарысқа қатысатындай, оған баратындай ақша керек. Бапкермен жұмыс деген тағы бар, оның еңбегі де бағалануы қажет.

**– Қазір Қазақстанда да марафонға көңіл бөлініп жатыр, жүгіретіндер саны артып келеді. Оны немен байланыстырасыз?**

– Бұл – дүниежүзілік тренд. Жер бетінде 60 млн адам тұрақты түрде марафон жүгіреді. Ал жүгірумен айналысатындар саны бұдан 3-4 есе көп. Шетелде 100 мыңнан астам тұрғыны бар қалаларда жылына екі рет марафон ұйымдастырылады. Ал мегаполистерде өтетін алты мейджор марафонның әрқайсысы 50 мың адам жинайды. Ол кезде орталық көшелердің барлығы жабылады.

Бізде соңғы рет өткен марафонда Гауһар Брамлей-Фентон ханым бастаған ұйымдастырушылар қатысушылардың бәрін айдалаға қуып жіберді, бұл дұрыс емес. Олар өздері үшін ғана емес, мына өмірден әбден тойынған, көзіне ештеңе көрінбей қалғандарды ояту үшін, солардың санасын өзгерту үшін де жүгіреді. Яғни өмір тек ішіп-жеуден ғана тұрмайтынын меңзеп, саламатты өмір салтын ұстануға ұмтылуға шақырады. Міне, осыны есімізден шығармайық.

**– Қазақстан аумағында біраз марафонда үздіктер қатарынан көріндіңіз. Шетелге шығу жоспары қашан орындалмақ?**

– 42 шақырымның рекорды – 2 сағат 1 минут 9 секунд. Берлинде орнатылған. Шетелге шығу үшін 42 шақырымды үш сағаттан аз уақытта жүгіруім керек, оған дейін ешқайда бармаймын деп өзіме сөз бергенмін. Сонау Парижге барып 3,5 сағатта келсең, оның несі қызық? Үш сағатқа дейін көрсеткіш өзге марафоншылар арасында да беделіңді арттырады. Қазақстанда 3 сағат 05 минут – әйелдер арасында спорт шеберіне үміткердің дәрежесі.

**– Білуімше 24 сағаттық марафонды мақсат етіпсіз. Оның денсаулыққа кері әсері болмай ма?**

– Үш рет 6 сағаттық ультрамарафонға қатысып, ең ұзақ жүгіргенім 70 км болған. Ал 24 сағатта 240 шақырым жүгіріп, спорт шебері дәрежесін орындағым келеді. Бірақ ондай жарыс біздің елде жоқ. 2023 жылдың сәуір-мамырында алғаш рет сондай ультрамарафон өткізсек деп жоспарлап отырмыз. Осы жолда 23 қыркүйекте Мұхтар Әуезовтің 125 жылдығына орай Семей-Бөрлі ультрамарафонын ұйымдастырдық. Жеке өзім қатысып, 87 шақырымды 8 сағатта бағындырдым. Осылайша, кезінде «Ярыш» атты алғашқы футбол клубының мүшесі болған ұлы жазушыны ұлықтап, марафонды да насихаттадық. Болашақта клубыммен осы қашықтықта ультрамарафон ұйымдастыруды дәстүрге айналдырамыз.

Мұның денсаулыққа кері әсері бар. Қазір 24 сағатта үзіліс алып тамақтанғаныммен, ұйықтамай жүгіруді мақсат етіп отырмын. Болашақта 4-10 күн бойы жүгіру де жоспарымда бар.

**– Бізде көп ер адамдар 40 жасқа жетер-жетпес шағында қарынға май байлап, артық салмақ қосуға ұмтылады. Бұл әдеттен қалай арыламыз?**

– 40-та артық салмақ қосу ең алдымен дұрыс тамақтанбаудың және ішімдіктің салдары, ауру шақырып тұратынымыз тағы бар. Қан қысымым жоғары еді деп айттым ғой. Жеті жыл бұрын дәрігерден «осыдан арыламын ба?», деп сұрадым. Ол «жазылмайсыз, енді тек дәрімен жүресіз», деп кесіп айтты. «Өлсем де сізге renішім жоқ», деп ресми түрде хат жазып беріп кеттім. Міне, содан бері ауру емеспін.

**– Біз неге сол аурушаң болуға, ерте қартаюға құмармыз? Тепсе темір үзетіндей жігіттердің өзі «белім, аяғым» деп аһілеп-үһілеп отырады.**

– Адамға өзін ауру сезіну тиімді. Ол үшін шынымен ауырудың қажеті жоқ. Сонда сені күтеді, артық жұмыс бермейді, аяйды. Жағдайың жасаулы. Сен одан неге бас тартуың керек? Ішкің келгенді ішесің, ұнамаса, «маған болмайды» деп бас тарта саласың. Өте ыңғайлы. Жұмыста да дәл солай.

Ал артық салмақ – сол өтірік аурудың сыртқы белгісі. Ырсылдап келе жатқан адамға не деп жүктеме бересің?

Ерте қартаюға келсек, бұл – біздің бала кездегі 40-50 жастағы ағалардың бет-бейнесін қайталау. Бейсанамыз соны меңзеп тұратындай. Бірақ ол кездегі орта жастан асқан кісілер соғысты, ашаршылықты, талай қиындықты көргендер. Қазір заман өзгерді, тамақ өзгерді, сен ондай уайым-қайғыны бастан кешкен жоқсың. Ендеше, бұлай босаңсығаныңа жол болсын! Адам өз-өзін тәрбиелеуі керек. Аурудың 80 пайызы артық салмақтан. Жейтін тамақтың 75 пайызы артық. Кейбіреуі өзгелерден қалыс қалмайын деп не болса соны жейді.

Ал біз таңертең бір тамақ, түсте бір тамақ, кешке бір тамақ ішеміз. Өзіңіз ойлаңызшы, сіздің әкеңіз күніне үш мезгіл тамақтанған шығар, ал оның әкесі, ата-бабасы ондайды білген жоқ. Сол ашаршылықты көрген адамдардың ұрпағы ретінде алдымызға не қойса соның бәрін опырып жей беретініміз де сондықтан. Ертең қалмай қалатындай.

**– Сонда қалай тамақтануымыз керек? Сіз өз ас мәзіріңізді айтып беріңізші.**

– Жаттығу тоғызда басталса, екі стақан су, екі жұмыртқа және май жағылған бір жапырақ нан, сосын бір кесе қара шай. Ал одан ерте басталса, тек сумен шектелемін. Сағат 11-12 кезінде бір түйір жеміс. Түсте екінші тамақ немесе сорпа. Түстен кейін бір салат. Кешкі 7-де жаттығу басталғандықтан, асты 9-дан кейін ішемін, ол үшін менде арнайы ас мәзірі бар. Әдетте ол коктейль. Қонаққа барғанда да етті асап жеу деген жоқ, таза ет пен көкөніс қана жеймін.

**– Өзіңіз университетте сабақ бересіз. Жастар арасында спортқа, жүгіруге қызығушылық қай деңгейде?**

– Басым бөлігі спорттан алыс. Досына еліктеп келетіндер бар, бірақ көп тұрақтамайды. Оларды клубта ұстау үшін өз есебімізден жарыстарға апаруымыз керек, ал оған біздің қоғамдық бірлестіктің мүмкіндігі жоқ. Үш жыл бойы үздіксіз шұғылданған бірде-бір студентті көрген жоқпын. Мысалы, мен өз бапкеріммен 2016 жылдан бері жұмыс істеп келемін. Евгений Медведников – ардагерлер арасында әлем және Азия чемпионы, өте білікті маман. Екі бапкерім бар, екіншісі – Қазақстан чемпионы Мейрам Асенов.

**– Триатлонға қызығушылық қалай пайда болды?**

– Триатлон бір емес, үш бірдей спорттың басын біріктіретінімен қызықтырды. Жүзуді жақсы көретінмін, бірақ кәсіби түрде жүзе алмайтынмын. Жігіттер 2 шақырымды бағындырамыз дегенде таңғалғанмын. Сөйтсем адамдар 4 шақырым да жүзеді екен ғой. Гибралтар бұғазын малтып өткен қазақтар 14 шақырымды артта қалдырыпты. Бапкерсіз-ақ екі шақырымды 50 минутта жүзіп өтетін деңгейге жеттім. Триатлоннан Half Ironmen-де бес рет жеңіске жетіп, федерациядағы төрешілер құрамындамын, 2018 жылы 735 әуесқой триатлоншының арасынан бесеуіне «Темір адам» деген құрметті атақ берілді, соның біреуі маған тиесілі. Яғни бес спортшы ғана жыл бойы 11 қалада өткен 13 жарыста жүлдегерлер қатарына іліккен.

**– Әңгімеңізге рахмет.**




Әңгімелескен –
**Мәдина АСЫЛБЕК**

# 2022 ЖЫЛ
# ҚАЗАҚ СПОРТЫ НЕСІМЕН ЕСТЕ ҚАЛДЫ?

**ДӘСТҮР БОЙЫНША «ҚАЗАҚ СПОРТЫ» ОҚЫРМАНДАРЫНА ӘРБІР ЖЫЛҒЫ ҚАЗАҚ СПОРТЫНЫҢ ЖЕТІСТІГІ МЕН КЕМШІЛІГІН ҚОРЫТЫНДЫЛАП ҰСЫНЫП ЖҮРМІЗ. БИЫЛ ДА ЖЕЛТОҚСАН АЙЫНЫҢ СОҢЫНДА СОЛ ӘДЕТІМІЗДЕН ЖАҢЫЛМАУДЫ ЖӨН КӨРДІК.**



### «КИІМДЕРІ ӘДЕМІ, БІРАҚ МЕДАЛЬ ЖОҚ»

Сонымен биылғы «Қазақ спорты несімен есте қалды?». Бірінші кезекте жылдың басты додасы саналған қысқы Олимпиададан жүлдесіз қалдық. Бұған дейін 2002 жылы Солт-Лейк-Сити мен 2006 жылы Туринде солай болған. Бейжіңдегі Қазақстан спортшыларына «Формалары әдемі, бірақ медаль жоқ» деген баға берілді. Бюджеттен 3,5 миллиард теңге жұмсалған. Еңбек ақталмады.

### ЖӘНІБЕК ӘЛІМХАНҰЛЫ – ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ

Биылғы ерекше есте қалатын сәттің бірі – Жәнібек Әлімханұлының кәсіпқой бокстан әлем чемпионы атануы. Ол ресми түрде WBO (Дүниежүзілік бокс ұйымы) нұсқасының белбеуін иеленді.

Геннадий Головкиннің Сауль Альварестен екінші рет жеңілуі, Айдос Ербосынұлының жансақтау бөлімінен бір-ақ шыққаны жанкүйерлердің көңілін құлазытқан. Сол жағдайды аз да болсын Жәнібек түзей алды. Қараша айында британиялық Дензел Бентлиді (17-1-1, 14 КО) жеңіп, әлем чемпионы атағын алғаш рет сәтті қорғады.

Жалпы, Жәнібек – мұндай чемпиондық белбеу иеленген бесінші қазақстандық боксшы. Бұған дейін Василий Жиров, Геннадий Головкин, Жанат Жақиянов және Бейбіт Шүменовтің ғана қолынан келген.

### ЛЕГИОНЕРДІҢ ЕҢБЕКТІ АҚТАҒАН СӘТІ

Біздің елде тумаса да, легионер ретінде келіп, азаматтық алған спортшылар бар. Олардың арасында сенімді ақтағаны да, ақшаны боса шашқандары да жетерлік. Сол сенім үдесінен шыққан санаулы спортшылардың арасында екеуін ерекше айтуға болады. Біріншісі – теннисші Елена Рыбакина *(суретте)*. Ол әлемдегі элиталық спорттың бірі саналатын теннистен «Үлкен дулыға» санатындағы төрт турнирдің біреуінде жеңіске жетті. Яғни шілде айында «Уимблдон» турнирінде әйелдер арасындағы жекелей сында топ жарды.

23 жастағы Рыбакина Лондон кортында жолына кездескеннің бәрін тізе бүктірді. Шешуші кезеңде әлемнің екінші ракеткасы, тунистік Онс Жабермен жолы түйісті. Үш сетке созылған бәсекеде психологиялық тұрғыдан басымдық танытқан Еленаның бағы жанды. Сөйтіп, Орталық Азия елдерінен шыққан алғашқы чемпион атанды. Осы жеңісі үшін теннисші 2 миллион фунтка (1 млрд 152 мың теңге) ие болды. Бірақ оның 50 пайызын Ұлыбританияға салық ретінде төлеуі.

Екіншісі – желаяқ Нора Джеруто. Жеңіл атлетикадан қос Ольгамыз (Шишигина мен Рыпакова) Олимпиада ойындарында чемпион болғанымен, әлем біріншілігінде алтын алмаған. Сол олқылықтың орнын Кениядан келген Джеруто толтырды. Ол АҚШ-тың Орегона штатында өткен чемпионатта 3000 метрге кедергілермен жүгіруден алдына жан салған жоқ. Қазақстандық белгіленген қашықтықты 8:53.02 минутта жүгіріп өтіп, жеңімпаз атанды.

### ФУТБОЛДАҒЫ БАСТЫ ҚУАНЫШЫМЫЗ

Жылда қазақ футболшыларын сынап жататын едік. Бірақ биылғы нәтижелері құрметке лайық. Өйткені биыл Ұлттар лигасының С дивизионында бірінші орын алдық. Енді В дивизионында ойнаймыз. Сонымен қатар Еуро-2024 чемпионатына шығуға мүмкіндік туындады. Осындай нәтижеге Магомед Адиев баскаратын бапкерлер штабының қосқан үлесі зор. Алғаш тағайындалған кезде бұл жаттықтырушыға да барлығы күмәнмен қараған. Бірақ бес айдың ішінде Адиев жанкүйерлердің көзқарасын өзгерте алды. Ең бастысы, қазақ жанкүйерлері бір серпіліп қалды.

### ДЗЮДОНЫҢ ДА ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН

Қазан айында Өзбекстан астанасы Ташкент қаласында дзюдодан әлем біріншілігі өтті. Дүние жүзінің мықтылары жиналған бәсеке қазақ балуандарының шама-шарқы қандай деңгейде екенін кезекті мәрте көрсетіп берді.

Өзбекстанның бас шаһарына Қазақстаннан 17 балуан барған. Соның 15-і жүлдеден тыс қалды. Тек жарыстың алғашқы күнінде екі қола медальға ие болдық.

Оның біреуі тәжірибелі спортшы Елдос Сметовке бұйырды. Биыл 30 жасқа толған Сметовті тізімнен шығарып тастауға асыққандар көп болған. «Орнын неге жастарға бермейді?» дегендер де бар. Бірақ шын мәнінде қазір Елдос секілді тұрақтылық қазақ балуандарының бірде-біреуінде жоқ. Оны мойындамасқа болмайды.

Екінші қола медаль қыздар арасында 48 келіде белдескен Абиба Әбужақынованың еншісінде. Биыл әйелдер арасындағы Азия чемпионатының күміс жүлдегері атанған Абиба Әбужақынова Ташкенттегі жеңісінің арқасында қазақ қыздары арасында әлем чемпионатында жүлде алған тұңғыш дзюдошы ретінде тарихта қалды.

### АЛТЫН АЛМАЙТЫН БАЛУАНДАР

Қыркүйекте Сербияның Белград қаласында күрес түрлерінен әлем чемпионаты өтті. Ресей атынан қатысатын Дағыстанның білекті балуандары бұл сыннан тыс қалды. Бұған, әрине, Ресей әскерінің Украина территориясына кіріп, соғыс ашуы себеп болып отыр. Әлемнің бес дүркін чемпиондары Абдулрашид Садулаев, Заур Угуев, Гадижурат Рашидов, Абасгаджи Магомедов, Роман Власов, Загир Шахиев және тағы басқа дүлдүлдер болмады. Соған қарамастан біздің қыз-жігіттер тағы да алтынсыз қайтты. Соңғы рет грек-рим күресінен рет 1999 жылы Мхитар Манукян Афинада жеңіске жеткен. Одан бері күрестің үш түрінен Әнұранды орындататын спортшы табу қиын болып тұр.

### БАЛАНДИН СПОРТПЕН ҚОШТАСТЫ

Жыл сайын көптеген спортшы карьераларын аяқтап жатады. Футболда «Қайсардың» капитаны Максат Байжанов бутсысын шегеге ілді. Су спортынан Олимпиада чемпионы Дмитрий Баландин де әрі қарай жарыстарға қатысып жүре берудің мәні жоқ деп шешкен екен.

Былай қарасаң, Баландин картайып тұрған жоқ. Жасы бар-жоғы 27-де. Бәлкім, спортшы алдағы Париж Олимпиадасында жүлде алатынына сенбеген де болар. Сондықтан ертерек бапкерлікпен айналысып, жаңа қызметке бой үйрете беруді көзделген де шығар. Қалай десек те, біз чемпионның шешімін құрметтейміз.

**Бек ТӨЛЕУ**

# АЛМАТЫНЫҢ МАҚТАНЫШЫНА АЙНАЛҒАН
# «МЕДЕУГЕ» 50 ЖЫЛ

**АЛМАТЫДАҒЫ «МЕДЕУ» МҰЗ АЙДЫНЫНЫҢ РЕСМИ ТҮРДЕ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛГЕНІНЕ 50 ЖЫЛ ТОЛДЫ. ОЛ 1972 ЖЫЛҒЫ 28 ЖЕЛТОҚСАНДА АШЫЛҒАН ЕДІ.**

Теңіз деңгейінен 1,691 метр биікте орналасқан «Медеу» мұз айдыны – Алматы қаласының мақтанышына айналған және қала тұрғындарының сүйікті орындарының бірі. Оның аумағы 10500 шаршы метр жерді алып жатыр және 10500 көрермені сыйғызады. Әлемдегі 120-дан аса үздік спорттық рекорд «Медеу» мұз айдынында орнатылған.

«Медеудің» айналасын 21 мың гектар орман-тоғай алқабы қоршап жатыр. Онда қайың, көктерек, қарағай мен шырша, долана, шетен ағаштары өседі. Мұз айдынынан бөлек мұнда Ғарыш сәулелері ғылыми стансасы, Үлкен Алматы көлі, Жоғары Горельник сарқырамасы, Алматыны селден қорғап тұратын бөгеттер, Терренкур және 800-ден астам сатысы бар баспалдақ бар.



Алғашқыда Кеңес билігі Медеуді қыргыз еліне салуды жоспарлаған. Бірақ Дінмұхаммед Қонаевтың араласуымен Алматы қаласына салу туралы шешім шығарған. Министрлер кеңесі құрылыс жұмысына 1 миллион рубль қарастырған. Бірақ Қонаевтың араласуымен 14 миллион рубль бөлінген екен. Мұз айдынын салуға 3000 құрылысшы жұмылдырылған. Қазақтың Байқоңырынан ғарышқа адамзаттың тұңғыш ұшқаны секілді Медеуде алғашқы рекордтардың бірі тіркелді. Сондықтан сан жылдар өтсе де, Медеу адамзат тарихында мәңгі қалады.

Жалпы, «Мұз айдынға Медеу деген ат қалай қойылды?» деген сауал туындайтыны анық. Тарихшылардың сөзіне сенсек, мұз айдыны орналасқан шатқалға қазаққа танымал шапырашты Пұсырман батырдың ұлы Медеу Пұсырманұлының есімі берілген. Медеу Пұсырманұлы – Жетісу тарихына, оның мәдениеті, ғылым-білімнің дамуына өзіндік үлес қосқан, қазақ халқының адал ұлдарының бірі.

Бір деректерде оның әкесі Пұсырман батыр болған деп көрсетіледі. Ал Медеу өз заманының элитасына кірген тұлға болған. XIX ғасырдың II жартысында ол болыс, қазақтан шыққан ірі жер иеленушілердің бірі болған. Орталық Азия мен Солтүстік Қазақстан қалаларына шикізат өнімдерін саудалау арқылы дәулеттілер қатарына қосылған. Бүгінгі заманның тілімен айтқанда, ол мықты бизнесмен болған. Ықпалды адам болғаны сонша, Жетісу аймағының генерал-губернаторы Г.Колпаковский, сәулетші А.Зенков, ботаник ғалым Э.Баум сынды адамдармен тығыз байланыс жүргізген. Алматы қаласының құрылысы мен сәулетіне де өзіндік үлес қосқан. Медеу 1898-1999 жылдар аралығында Кіші Алматы өзенінің жоғары сағасындағы Кімасар деген жерге ағаштан 5 бөлмелі үй салдырады. Бұл жерді тұрғылықты халық Медеудің қыстауы деп атайтын. 1920 жылы комиссар-жазушы Д.А. Фурманов Медеудің 5 бөлмелі ағаш үйін демалыс аймағына айналдыруға қол қояды. Оны Медеудің атымен атағанды құп көреді. Ол үй бұған дейін орман мектебіне айналып үлгерген еді. Әрине, ол кезде Медеу жарық дүниеден өтіп кеткен болатын. XX ғасырдың бастапқы жылдары Верный қаласында 27 мың адам тұрып, Медеуге алып баратын жалғыз көше болған деседі. Ол көше генерал Колпаковскийдің атымен аталған.

Бүгінгі тәуелсіздік кезеңінде ол көше Достық даңғылы деп аталады. Верный қаласында ашылған ерлер гимназиясында сол кезде 226 адам оқыпты. Оның 22-сі ғана қазақ екен. Сол қазақ балаларының білім алып, дәл сол оқу орнына түсуіне Медеу Пұсырманұлының тікелей ықпалы болған. Ол 1904 жылы Петербор арқылы Меккеге барып қажы атанады. Ал 1908 жылы қан қысымының көтерілуіне байланысты өз үйінде қайтыс болады. Оның беделі мен қазақ балаларының білім алуына қосқан үлесі, елді отырықшыландыруға қатысты атқарған әрекеттері хақында Жамбыл Жабаев үнемі айтып отырған екен. Алматыдағы Медеу тау шатқалындағы қонақжай мекеннің аз-кем тарихы осындай.

50 жылдық мерейтойға орай кешен аумағында салтанатты мереке өтті. Алматылықтар мен қала қонақтары мәнерлеп сырғанаудан танымал спорт жұлдыздары Роман Костомаров, Евгения Медведева, Татьяна Тотьмянина, Максим Маринин, Оксана Домнина, Максим Шабалин және Морис Квителашвилидің қатысуымен болатын шоудың куәсі болды.

Мұз айдыны аумағында бірқатар көңіл көтеретін интерактиві алаң ұйымдастырылады.

Мереке спортшылар мен жаттықтырушылардың шеруімен ашылды. Салтанатты іс-шарада қазақстандық мәнерлеп сырғанаушы, 2019 жылғы әлем чемпионатының күміс жүлдегері, 2019 жылғы қысқы Универсиаданың күміс жүлдегері және II қысқы жасөспірімдер Олимпиадасының қола жүлдегері Элизабет Тұрсынбаева өнер көрсетті.

Анастасия Игнатьеваның дирижерлік етуімен аты аңызға айналған «Мұзды симфония» балеті мен Илья Овербухтың «Жүрек те жанып тұр» гала-шоуы көрермендердің қошеметіне бөленді.

Сондай-ақ қонақтар қазақтың тұңғыш мұз шоуы Olympic Show қойылымын тамашалай алды.

# «ТАРАЗ» ТӨМЕНГЕ ТҮСІП, «ЖЕТІСУ» КӨТЕРІЛУІ МҮМКІН

**ЖЫЛ ТҮГЕСІЛУГЕ ЖАҚЫН. ЕЛДЕГІ ФУТБОЛ МАУСЫМЫ АЯҚТАЛҒАНЫ ҚА-ШАН. БІРАҚ ЖАҢА МАУСЫМДА ЕЛ ПРЕМЬЕР-ЛИГАСЫНДА ОЙНАЙТЫН КОМАНДАЛАР ӘЛІ ТОЛЫҚ АНЫҚТАЛҒАН ЖОҚ.**



## «ТАРАЗ» ПРЕМЬЕР-ЛИГАДАН ТҮСІП ҚАЛУЫ МҮМКІН

Оған бірінші кезекте кейбір командалардың спорттық емес принциптерге сай мәселесі себеп. Мысалы, «Тараз» клубы футболшылар мен бапкерлеріне 700 миллион теңге қарыз. Солардың арасында 2021 жылы Эривалдо Жорже Пауло Феррейра атты португалиялық футболшы үш ай ойнап кеткен. Бар-жоғы бес матчқа қатысқан ойыншы ФИФА-ға арызданды. Өйткені «Тараз» Эривалдомен 2022 жылдың соңына дейін келісімшарт жасасқан. Алайда жыл соңында клуб келісімшартты бір жақты бұзады. Енді өткен жылдың үш айы мен осы жылғы жалақысын даулаған футболшы ФИФА арқылы өндіріп алмақшы.

Қаншама қарызды төлеуге «Тараздың» шамасы жоқ. Сол себепті бірінші лигаға түсуді жоспарлап отыр екен.

Ал «Оқжетпес» пен «Қызыл-Жар» премьер-лиганың лицензиялық талаптарынан өте алмай жатыр. Егер бұл командалар келесі маусымда жоғары топта болмаса, олардың орнын Талдықорғанның «Жетісу» клубы мен Түркістанның «Тұраны» басуы мүмкін.

## ӘКІМІ АУЫСҚАНДАРДЫҢ ИЕСІ ДЕ АУЫСА БАСТАЙДЫ

Қазақстандағы футбол клубтарының тағдыры әкімдерге байланысты екені жасырын емес. Облысты басқарған шенеуніктің ала допқа қызығушылығы жақсы болса, қаржы да көп бөлінеді. Қостанайдың «Тобылының» соңғы 7 жылда бұл жағынан жолы болды. Өңірді басқарған Архимед Мұхамбетов жергілікті командадан көмегін аямады. 4 млрд теңгеге жабық манеж де салғызып берді. Соның арқасында былтырғы маусымда команда чемпион атанды.

Ал жақында облыс әкімі ауысты. Мұхамбетов кетіп, орнына Солтүстік Қазақстаннан Құмар Ақсақалов келді.

«Тобылға» келесі жылы да облыстық бюджеттен 1,2 миллиард теңге бөлінеді. Бұл ақша Зоран Тошич секілді легионерлерді ұстап тұруға жетпейді. Бұған дейін Архимед әкім Қостанайдағы компанияларды демеуші болуға көндіретін. Құмар Ақсақалов мырзаның оған құлқы бола ма, жоқ па, әзірге белгісіз.

Бас бапкер Милан Миланович командадан кетуі мүмкін. Сербиялық маман ҚПЛ-да 15 матч (10 жеңіс, 2 тең, 3 жеңіліс) өткізді. Оның шамасы қола жүлде алуға ғана жетті.

Ойыншылардан Душан Йованчич «Астана» жейдесін киіп үлгерді. Елордаға Алекса Аманович пен Асхат Тағыберген де жол тартуы мүмкін. Бұл ойыншылар Григорий Бабаянға жақсы таныс. Тағы бір қорғаушы Сергей Малый да «Астанаға» барудан кетәрі емес.

Команданың басты жұлдызы Зоран Тошичке «Ақтөбе» қызығып жүр. Ол Қостанай командасы сапында 48 матч өткізіп, 11 гол соққан (13 нәтижелі пас). Сосын «Ақтөбе» командасының бас бапкері Андрей Карпович Бағдат Қайыров пен Александр Марочкинді де өз командасынан көргісі келеді.

Жастардан Роман Асранқұловқа «Атырау» қызығушылық танытып отыр.

Жаңа маусымда «Тобылда» біраз өзгеріс болатын тәрізді.

## НӘЛІБАЕВ ҚЫЗЫЛОРДАҒА ЖАҢА СТАДИОН САЛМАҚШЫ

Есесіне Қызылордада жағдай жақсы. Жергілікті «Қайсар» премьер-лигаға оралды. Клубтың аңыз ойыншысы Мақсат Байжанов карьерасын аяқтап, спорттық директор қызметін бастап кетті.

«Қайсар» өзге қазақстандық командалардан бұрын Түркияға барып алған. Желтоқсан айында бірде-бір команда Анадолыға жол тартқан жоқ. Бірақ «Қайсар» жүр. Тіпті әлем чемпионатына байланысты жарияланған Еуропадағы үзіліс тұсында Италияның «Сампдория» клубымен жолдастық матч өткізіп үлгерді.

Бұл ойын 3:0 есебімен Италияның А сериясында ойнайтын клубтың пайдасына шешілді. Айтпақшы, «Қайсарды» жаңа маусымда Виктор Кумыков жаттықтырады.

Сыр футболы үшін тағы бір жағымды жаңалық, аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев кәсіби футболшыларға қарап бой түзеген жастардың саны артқанын алға тартып, келер жылы уәде еткен қалада жаңа стадионның құрылысы басталатынын жеткізді.

Кезінде облыс басшысы «Қайсар-Жетісу» кездесуінен кейін жанкүйерлерге «Қайсар» командасының заманауи стадионын салуға уәде берген болатын.

– Ресейдің Краснодар қаласында былтыр 12 миллион долларға аз уақыттың ішінде 10 мың орындық жабық стадион салынған екен. Келесі жылы біз де демеушілер көмегімен сондай еңселі жаңа стадион салуға ниеттіміз. Қазіргі таңда жаңа стадион құрылысына демеуші ретінде «Саутс Ойл» компаниясы ынтасын білдіріп, жобалау жұмыстары атқарылуда. Алдағы жылы жаңа стадион құрылысын бастаймыз, – деді облыс әкімі Н.Нәлібаев.

Әйтпесе осыған дейін күрделі жөндеуден өткен Ғани Мұратбаев атындағы орталық стадион бөренелерімен жанкүйерлердің ашуын туғызып жүрген болатын.



## СЕМЕЙ ФУТБОЛЫ ЖАНДАНАДЫ

Қазақ футболының отаны саналатын Семейде жаңа команда құрылды. Атауы – «Елімай». Құжат тұрғысынан бұрынғы «Елімайға» түк қатысы жоқ.

Бір кездері Қазақстанда үш дүркін чемпион атанған «Елімайдың» басшысы қазіргі облыс әкімі Нұрлан Ұранхаев болатын. Ол Абай облысына әкім бола сала футбол клубын құруды тапсырды.

Команда келесі маусымда бірінші лигада өнер көрсетеді. «Елімайдың» құрылтайшысы – облыстық мәслихаттың депутаты Серік Байғалиев пен танымал отандық футболшы Самат Смаков. Ол спорттық карьерасын Семейден бастаған.

Петропавлдың «Қызыл-Жар» командасында үш жыл спорттық директор болған Федор Симиниди енді «Елімайдың» директоры қызметін атқарады. Команданы Смаков өзі жаттықтырады. Спорттық директорлыққа тағы бір жергілікті футболшы Андрей Богамолов шақырылды.

## ШЕТЕЛДІК ҚАҚПАШЫЛАРДЫҢ ОЙНАУЫНА ТЫЙЫМ САЛЫНУЫ МҮМКІН

Қарағандының «Шахтер» клубы мен Қазақстан ұлттық құрамасының қақпашыларын жаттықтыратын Валерий Ситало ұсыныс жасапты. Ол Қазақстан кәсіпқой футбол лигасына премьер-лига клубтарына шетелдік қақпашыларды тіркеуге шектеу қоюды қарастыруды айтқан.

Биыл жоғары топта 14 шетелдік қақпашы болыпты. Көбісі өз клубтарында негізгі бағана күзеті бола алмаған. Ол орта деңгейлі легионер-қақпашылар жастардың өсуіне кедергі жасайды деп санайды.

Өзге елдің қақпашыларынан тек ресейлік Мирослав Лобанцевті ғана айтуға болады. Ол еурокубокта «Қызыл-Жар» сапында өзін жақсы жағынан көрсетті.

# СПОРТ – ӨМІРЛІК СЕРІГІМ

**«АДАМ ДЕНЕСІНІҢ ЖЕТІЛУІ – ОНЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ, ЕГЕР ДЕНІҢ САУ БОЛСА, ОНДА ОНЫ САҚТАМАҚ КЕРЕК, АЛ ЕГЕР САУ БОЛМАСА, ОНДА ДЕНСАУЛЫҚТЫ ЖЕТІЛДІРУ КЕРЕК».**

**(ӘЛ-ФАРАБИ)**

Біз жаһандану дәуіріне қарқынды қадамдар жасалып жатқан дамыған қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Ғылым-білімнің нәтижелі жемісі мен технологиялық жаңалықтардың оң тұстары бүгінгі өмірімізді мейлінше жеңілдеткені анық. Десе де ақпараттар ағыны толассыз дамып жатқан қазіргі кезеңнің кемшіліктері де жетерлік. Заман көшінен қалмайын деген адамдардың күйзелісі, қоғамдағы экономиканың құлдырауы, уақыт тапшылығы, экологияның нашарлығына толы өткінші өмірде жан-тәнімізді дер кезінде тыңдап, дені сау, жас, бақытты адам болып өмір сүруді бәріміз де қалаймыз. Деніміздің саулығын қамтамасыз етіп, жасымызды ұзартатын, ішкі-сыртқы сұлулығымызды ұзақ уақыттар бойы сақтаудың бір ғана жолы бар – ол спорт және дене шынықтыру. Сондықтан денсаулық, дене сұлулығы, ішкі қуат, рухани үйлесімділікті дамыту туралы ойлауды әр адам бала кезінен бастауы керек.

Денсаулық адамның әл-ауқатының маңызды құрамдастарының бірі екені белгілі. Соңғы жылдары жас ұрпақтың денсаулығының деңгейі күрт төмендеп кетті, оны дене шынықтыру сабағында әртүрлі шектеулері бар немесе мүлдем босатылған оқушылар санының күн санап өсіп жатқанынан байқаймыз. Менің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі ретінде негізгі міндеттерімнің бірі – балалар мен олардың ата-аналарының дене шынықтыру сабағына деген оң көзқарасын қалыптастырып, жас ұрпақтың дені сау болуына атсалысу. Себебі, балалардың денсаулығына қамқорлық – бұл мемлекеттік маңызы бар мәселе.



Дене шынықтыру сабағы – бұл балалардың табиғи өмірінің маңызды бөлігі, өйткені балалар қозғалыста өседі және әлемді таниды. Қозғалыс оларды нығайтады, ең бастысы, зор денсаулық пен қуаныш сыйлайды. Дене шынықтыру сабағының негізгі мақсаты да осы. Оқушыны түсіну, жан дүниесіне үңілу, оның қызығушылықтары мен тілектерін білу мұғалім үшін маңызды.

Ойымды түйіндесем, спорт – менің кәсіби қызметімнің негізі, педагогикалық қызметімдегі өмірлік серігім. Ұстаздық жай ғана кәсіп емес, өмір салты екеніне сенімдімін. Әрқашан балалардың ортасында болып, олардың өмірімен, қызықтарымен өмір сүру, олардың жан дүниесінде дене шынықтырудың сыры мен сұлулығын, сырын түсінуге деген құштарлықты ояту – бұл менің өмірімнің мәні. Ұстаз ретінде бақытым да балалардың денсаулығына қамқорлық жасауда деп ойлаймын.

**Аида ДАУЫЛБАЕВА,**
Жетісу облысы,
Кербұлақ ауданы,
Қарашоқы ауылы,
Қарашоқы орта мектебінің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі

# СПОРТТЫҚ ТӘРБИЕНІ НАСИХАТТАЙТЫН ҒАЛЫМ

**ӨРКЕНИЕТТІ ӘЛЕМДЕ ҚАЛЫПТЫ ӨМІР ҚАЖЕТТІЛІГІ ҮШІН БАРЛЫҚ МАМАНДЫҚ МАҢЫЗДЫ. АЛ СОЛ МАМАНДЫҚТАРДЫҢ МӘРТЕБЕСІ – ҰСТАЗДЫҚ. МҰҒАЛІМНІҢ БӘРІ ҰСТАЗ БОЛА БЕРМЕЙДІ. «ҰСТАЗ» ҰҒЫМЫНЫҢ АСТАРЫНДА БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ, ТӘРБИЕ МЕН ТАҒЫЛЫМ, МАХАББАТ ПЕН СҮЙІСПЕНШІЛІК ЖАТҚАНЫН ӨЗ ДЕҢГЕЙІНДЕ АҢҒАРА АЛМАЙМЫЗ. ҰСТАЗ БОЛУ КЕЗ КЕЛГЕННІҢ ҚОЛЫНАН КЕЛЕ БЕРМЕЙТІН ҚЫЗМЕТ, МЫҢНАН БІР АДАМНЫҢ ЖҮРЕКТІЛІГІНІҢ АРҚАСЫНДА ЖҮЗЕГЕ АСАТЫН ЖҰМЫС, БАҒЫНДЫРУ ҚИЫН БИІК БЕЛЕС. ШӘКІРТ ТӘРБИЕЛЕУ, ОНЫ ШЫҢҒА ШЫҒАРУ, ҚАНАТТАНДЫРУ, ЖАН-ТӘНІМЕН ТҮСІНДІРУ, БҮКІЛ БОЛМЫСЫМЕН БАРЫН ҰҒЫНДЫРУ – ҰСТАЗДЫҢ ҒАНА ҚОЛЫНАН КЕЛЕТІН ҚАСИЕТ. АДАМ ЖАНЫНЫҢ БАҒБАНЫ БОЛЫП ОТЫРҒАН БҮГІНГІ КЕЙІПКЕРІМІЗ – ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ, Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ «ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ЖӘНЕ СПОРТ» КАФЕДРАСЫНЫҢ МЕҢГЕРУШІСІ – НҰРСАПА АХМЕТОВ.**



Нұрсапа Әбдікеріммұлы Алматы облысы Нарынқол ауданында 1959 жылы 7 қарашада дүниеге келген. Бала кезінен Алатаудың баурайында, көкке шаншылған Хантәңірдің шыңына қарап, биіктерге ұмтылып өскен. Мектепті тәмамдағаннан кейін көптен көңілі қалаған болашақ мамандығына оқуға түседі. Жақсы ұстаздарға кезігіп, тәлім-тәрбие алған шәкірт өмір майданындағы машақаттардан мойымай, бет алған болашақ бағытынан айнымаған. Қазақтың Дене тәрбиесі институтының 1987 жылғы үздік түлегі атанды. Осы ретте кейіпкеріміз өз еңбек жолына алғашқы қадамын жасап, 1986 жылы пайдалануға берілген Ақтау қаласындағы №16 орта мектебіне дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі болып қабылданды. 1987-1998 жылдар аралығында қызмет атқарған №16 орта мектебінің оқушылары Нұрсапа ағайдың қадағалауымен, жаттықтыруымен облыстық оқушылар спартакиадасының бағдарламасы бойынша түрлі деңгейде бірнеше дүркін чемпион атанып жүрді. Аталған білім ордасы оқу-әдістемелік жұмыстардың дене шынықтыру пәні бойынша облыста тірек мектебі болып, облыс мұғалімдеріне жыл сайын конференциялар, семинарлар, тренингтер, курстар ұйымдастырып тұратындығымен ерекшеленетін.

Мән-мағынаға толы мамандықты меңгеріп, ұлағат пен ұжданды жанына серік еткен ұстаз әрдайым «ақыл, жүрек, қайратты бірдей ұстаған». Парасат пен пайымға жүгінуден жаңылмаған. Рухани тәрбие мен білім-ғылымды жас ұрпақтың бойында қалыптастыруға жауапкершілікпен қараған. 1998 жылы білім беру салаларындағы ерен еңбегі үшін «ҚР Білім беру ісінің үздігі» белгісімен марапатталды. Жалпы, педагогикалық өтіліне 35 жыл болған Нұрсапа Әбдікеріммұлының есімін ерекше атап өтер тұстарымыз жеткілік.

Ұстаз атағын қадір тұтып, қастерлеу, арын таза ұстау – әр педагогтың парызы. Осы борышты өз деңгейінде атқарып, өз саласы мен қосымша қабілеттерін жетілдіріп, шәкірттері мен әріптестерінің көңілінен шыға білген Нұрсапа Әбдікеріммұлы өмір жолында, қызметтік бағытында батыл өзгерістер жасайды. 1998-2001 жылдар аралығында Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің «Дене тәрбиесі» кафедрасында оқытушы; 2002-2012 жылдар аралығында «Дене тәрбиесі және спорт» кафедрасын басқарды. 2019-2020 жылдары «Ақтау-Сұңқар» студенттік спорт клубының директоры болды. 2021 жылдан бері аталған кафедра меңгерушісі қызметін абыроймен атқарып келеді.

Нұрсапа Әбдікеріммұлы профессор-оқытушы ретінде Маңғыстау облысында білікті мамандарды даярлауда өзінің сүбелі үлесін қосып келеді. Оның ұсынысы бойынша және өзінің тікелей басқаруымен университет қабырғасында 2002 жылы «Алғашқы әскери және дене дайындығы», 2006 жылы «Дене тәрбиесі және спорт» мамандықтары ашылды.

Қызметтен қол үзбей, ғылымымен айналыса жүріп, 2008 жылы Қазақ спорт және туризм академиясы жанындағы Д14.41.03 диссертациялық кеңесінде «Психологиялық реттеу және дене тәрбиесінің құралдары мен әдістері арқылы зиянды әдеттерге студенттердің жағымсыз көзқарасын тәрбиелеу» атты диссертациялық жұмысын қорғап, педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне ие болады.

«Саналы да ерікті еңбек қана адамды бақытқа кенелтеді» демекші, жастайынан ел ісіне араласып, ұрпақ тәрбиелеп, ұстаздықпен қоса жауапты қызметте жүріп, ел-халықтың ортасында адал еңбек етіп келе жатқан Н.Ахметовтің әріптестік көмек көрсетуден де бас тартқан кезі жоқ екен. Білім және ғылым министрлігінің бұйрығына сәйкес 2014-2016 жылдары Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің және Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің 5B010400 – «Бастапқы әскери дайындық», 5B010800 – «Дене шынықтыру және спорт» мамандықтары бойынша мемлекеттік аттестаттау комиссиясының төрағасы болып қызмет атқарады.

Кейіпкеріміз білімімен, тәжірибесімен, адал еңбегімен әрдайым өз ортасында дараланып тұрады. Нұрсапа мырза 2018 жылы Дюссельдорф (Германия) қаласындағы халықаралық тереңдетілген зерттеулер мен ғылыми ақпарат орталығында тағылымдамадан өтіп, халықаралық сертификатқа ие болған. «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы мен Білім және ғылым министрлігінің бірігіп отандық жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларына тәуелсіз бағалау жүргізген. Төрт жыл қатарынан өткізіліп келе жатқан рейтингтің 2021 жылғы қорытындысы бойынша Yessenov University «Дене тәрбиесі және спорт» кафедрасының білім беру бағдарламасы үздік деп танылып, еліміздің 34 жоғары оқу орнының ішінде І орынды иеленді. Бұл да кейіпкеріміздің ерен еңбегінің нәтижесі деп білеміз.

Н.Ахметов білімі мен тәжірибесін жетілдіру мақсатында үздіксіз іздене жүріп, халықаралық, республикалық ғылыми-практикалық конференцияларға, конгрестерге белсенді қатысып келеді. Сонымен қатар педагогика ғылымдары және дене тәрбиесі саласында қарастырған өзекті мәселелері бойынша мерзімдік ғылыми басылымдарға 40-тан астам зерттеу мақаласы жарияланған. «Дене тәрбиесі және спорт» мамандығы бойынша білім алатын студенттерге арналған 2 монография, 5 оқу құралы, 2 ағылшын тіліндегі оқу құралы, 5 оқу-әдістемелік нұсқаулық және «Олимпиадалық білім», «Үстел теннисі» атты электронды оқулықтар жарыққа шыққан.

Білім ордасында жоғары кәсіби мамандарды даярлау барысында студенттерге сапалы білім берумен қатар олардың денсаулығы мықты, бәсекеге қабілетті болуы үшін Н.Ә.Ахметов университеттің спорттық-материалдық базасының дамуына көп көңіл бөліп келгенін әріптестері жақсы біледі. Атап айтсақ, Ақтау қаласының 4-ш/а, 24-ш/а-дағы университеттің оқу ғимараттарында орналасқан спорт залдар күрделі жөндеуден өтіп, ашық алаңдары гимнастикалық қалашық өзінің жеке жобасы бойынша жаңартылды. 2010 жылы 11-ш/а орналасқан оқу ғимаратының аумағына жаңа типтік спорт зал (343,8 м2) салынып пайдалануға берілді. Университетте 2012-2013 оқу жылында үздік технологиямен салынған заманауи спорттық-сауықтыру кешені пайдалануға берілді. Жалпы аумағы 4345,83 шаршы метр жерді алатын кешен бір мезгілде 150 адамды, ал ұзындығы 25 метр жүзу бассейні 50 адамды қабылдай алатын мүмкіндікке ие. Кейіпкеріміздің ұсынысымен 2020 жылы жалпы аумағы 0,5 га жерді алатын (3 футбол, 2 үлкен теннис, 1 баскетбол және 1 волейбол) ашық алаң пайдалануға берілді. Жоғарғы деңгейде жасақталған спорттық-материалдық базасы барша студенттердің шымыр, ширақ болуына және бұқаралық спорт түрлерінің кең таралуына өзіндік үлесін қосуда. Аталған жылдары кафедра түлектерінің арасынан Әлем, Азия, Еуропа чемпиондары көп шықты. Олимпиада ойындарының екі мәрте күміс жүлдегері, ХДСШ Әділбек Ниязымбетов осы кафедраның түлегі екенін айтсақ та жеткілікті.

Қазақ елінің талай шәкіртін жас маман етіп ұшырған аталған оқу орнына ұстаз болып қабылданған күннен бастап кейіпкеріміз бойындағы энергиясын, өнерін, біліктілігін үнемі ұштай түсуге жұмсады. Кафедра меңгерушісі ретінде талантты шәкірттерін бапкерлерімен бірге, мүмкіндігінше көбірек қолдап, жаттығулары оқу-сабақтарына кедергі келтірмейтіндей етіп үйлестіріп, әрдайым ортақ жұмыстарына ақыл-кеңестерін аямай, үнемі көмек қолын созып отырды. Нәтижесінде, 2018 жылы еліміздің 20 үздік ЖОО командасы қатысқан футзалдан Ұлттық студенттер лигасында Есенов университеті студенттері, яғни кейіпкеріміздің шәкірттері ІІ орынды иеленді. «Дене тәрбиесі және спорт» мамандығы студенттерінен тұратын «Каспий» әйелдер командасы 2020 жылы баскетболдан Қазақстан чемпионатында ІІ орын иеленді.

Ерен еңбегі еленіп, Нұрсапа Әбдікеріммұлына Мәдениет және спорт министрінің бұйрығымен «Дене шынықтыру мен спортқа қосқан үлесі үшін» құрметті атағы берілген (2011). Университеттегі профессор-оқытушылар құрамы және студенттер арасындағы дене тәрбиесі және спортты дамытуға қосқан сүбелі үлесі үшін облыстық және республикалық байқаулардан өтіп, 2011 жылы VII қысқы Азия ойындарының алаугері ретінде таңдалып алынған. Азия олимпиадалық кеңесінің президенті Шейх Ахмад Аль-Фахад Аль-Сабах және Қазақстан Ұлттық олимпиадалық комитетінің президенті Темірхан Досмұхамбетовтің қолы қойылған сертификаттың иегері атанды. 2012 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігі «Дене тәрбиесі ұлттық ғылыми-практикалық орталығының» алтын төсбелгісімен марапатталып, 2017 жылдың қорытындысы бойынша осы министрлік жариялаған «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» республикалық байқауының грант иегері атанып, кеудесіне арнайы төсбелгісі тағылған. Сондай-ақ 2018 жылы «Құрметті білім қызметкері» төсбелгісінің иегері атанды.

Нұрсапа Ахметовтің өзі саламатты өмір салтын қатты ұстанады. Дәстүрлі түрде жыл сайын ұйымдастырылатын университет профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерге арналған спартакиадаға белсене қатысып, үстел теннисінен жүлдегер атанып жүр. Ұжымына сыйлы азамат, айналасына қамқорлықпен жан шуағын шашып жүретін жайсаң жан білімі мен еңбегінің арқасында кейінгі жастарға үлгі бола бермек.

Мен өзім спорт тақырыбында тұрақты жазатын журналист әрі әдіскер-нұсқаушы болғандықтан, мұндай мықты менеджер мамандарды ел ішінде насихаттау үшін үнемі іздеп жүремін. Дене шынықтыру мен спорт саласын ғылыми тұрғыдан зерттеп, тәрбие тұрғысынан насихаттап, жастарды өз тәжірибесімен қызықтыра тартып жүрген тау тұлғаны жалпы оқырмандарымыз да танығаны жөн деп білемін.

**Айбек МҰХАНОВ,**
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

# ШАХМАТ – ҒЫЛЫМ МЕН ӨНЕР

**ӘЛЕМДЕ СПОРТТЫҢ ТҮРЛЕРІ ҚЫРУАР. СОНЫҢ ІШІНДЕ, ӘРИНЕ, АДАМНЫҢ БОЙЫНДАҒЫ ЗИЯТКЕРЛІК ЖӘНЕ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІНІҢ ДАМУЫН ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ШАХМАТТЫҢ ОРНЫ ЕРЕКШЕ. ҒАЛАМТОРДАҒЫ МӘЛІМЕТТЕРГЕ СҮЙЕНСЕК, БҰЛ СПОРТТЫҢ ТҮРІ V-VI ҒАСЫРЛАРДА ЕЖЕЛГІ ҮНДІСТАН ЕЛІНДЕ ОЙЫН РЕТІНДЕ ПАЙДА БОЛДЫ. ОНЫҢ АТАУЫ ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҮНДІ ХАЛҚЫНЫҢ ӘДЕБИ ТІЛІНЕН АУДАРҒАНДА ШАХМАТТАҒЫ ПЕШКА, АТ, ПІЛ ЖӘНЕ ЖАЯУ, АТТЫ ӘСКЕР, СОҒЫС АРБАЛАРЫ КІРЕТІН «ӘСКЕРДІҢ ТӨР БІРЛІГІ» ДЕГЕН МАҒЫНАНЫ БІЛДІРЕДІ. КЕЙІНІРЕК, ЯҒНИ VII ҒАСЫРДА ОЙЫННЫҢ ОСЫ ТҮРІ ПАРСЫ ЖЕРІНДЕ «ШАНТРАДЖ» ДЕГЕН АТАУМЕН ТАРАЛА БАСТАДЫ. БҮГІНДЕ АТАЛҒАН ОЙЫННЫҢ ӨЗІНДЕ БІРНЕШЕ ТҮР БАР ЕКЕНІ БЕЛГІЛІ.**



Қазіргі кезде әлемнің көптеген мемлекетінде спорттың аталған түрі қарыштап дамып келеді. Елімізде де шахматтың даму деңгейі ауыз толтырып айтарлықтай. Сан алуан деңгейдегі сайыстарда мемлекетіміздің намысын абыроймен қорғап, жүлделі орындардың иегерлері атанып жүрген шахматшыларымыз мұның айқын дәлелі.

Елімізде шахмат өнеріне баулитын үйірмелердің саны аз емес. Петропавлда да спорттың әңгіме өзегіне айналып отырған түрі қарқынды даму үстінде. Дәлірек айтқанда, жеткіншек ұрпақтың шаршы тақтада ойнауға деген қызығушылығын ояту мақсатында өңірдегі орта білім беретін, балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінде және өрендерге арналған аулалық клубтарда шахмат үйірмелері жұмыс істейді. Сонымен қоса жекеменшік үйірмелердің де бар екені белгілі. Осы үйірмелердің жаттықтырушылары жас буын өкілдерін шахмат ойынының қыр-сырына үйретуде сүбелі үлесін қосып келеді.

Айта кетерлік жайт, қаламыздағы «Барыс» балалар мен жасөспірімдер спорт ордасында орналасқан шахмат және дойбы клубына ересек пен егде жастағы адамдар үшін де ойынның аталмыш түрлерін ойнауға мүмкіндік бар. Бұл қатарға 2016 жылы Петропавлда ашылған «Зияткер» шахмат мектебін де жатқызуға болады. Бұл ордада жасы 4 пен 18 жас аралығындағы өрендер дайындалады. Мектептің тізгінін ұстап отырған басшы Арыслан Ескендіров, жас бапкерлер Олег Синяков пен Уәлихан Баязитов жеткіншектерден жас шахматшыларды қалыптастыру жолында аянбай тер төгуде. Олардың барлығы да спорт шеберлігіне үміткер деген дәреже иегерлері және білікті мен жаңашылдығы мол жаттықтырушылар болып.

Тоғыз жасынан бері шахматпен айналысатын Арыслан Қажымұратұлы – қала, облыс және республикалық деңгейдегі жарыстардың жеңімпазы мен жүлдегері. Оның айтуынша, шахмат адамдардың бойында тәртіптілік, жігерлілік, жауапкершілік секілді қасиеттерді қалыптастырып, зияткерлік, логикалық ойлау, есте сақтау және математикалық қабілеттердің дамуына мол септігін тигізеді.

– Менің алғашқы бапкерлік жолым облыс орталығындағы «№2 арнайы түзету мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде шахмат үйірмесінің жаттықтырушысы ретінде басталды. Бұл оқу орнында мен он жыл бойы шәкірттерді ойынның осы түріне үйреттім. Үйірме жабылған соң шахматтан жеке мектебімді ашуды армандап, алдыма мақсат етіп қойдым. Сөйтіп, 2016 жылы «Зияткер» шахмат мектебі ашылды. Мұнда спорттың аталған түріне машықтану үшін келетін өрендер қатары қалың. Қазіргі кезде мектебімізде 100-ден астам бала шахматпен айналысады, – дейді Арыслан Ескендіров.

«Зияткер» шахмат мектебінде жаттығатын тәрбиеленушілердің қол жеткізген жетістіктері де мақтануға тұрарлық. 2020 жылы Алматы қаласында шахматтан балалар арасында өткен республикалық чемпионатта мектеп тәрбиленушісі Айлана Ескендір алты жасқа дейінгі қыздар арасында блицтен 9 ұпайдың 8-іне ие болып, жеке кездесудің нәтижесінде күміс алқаны олжалады. Ал рапидтен 9 ұпайдың жетеуіне қол жеткізіп, қола медаль еншіледі. 2021 жылы мектеп құрамасы елордада өткен ел додасының қорытындысы бойынша екі алтын, бес күміс және алты қола жүлде еншілеп, жалпыкомандалық есепте екінші орынға жайғасты. Сонымен бірге Ерасыл Жақсыбаев, Арыстан Дулат, Кирилл Балаев, Арсен Сәрсенбайұлы, Зарлық Мәмбетәлінов, Сергей Костин, Нұрхат Серікпай, Михаил Шарабарин, Мирас Хаймолдин, Камила Беккожина, Анар Темірғалиева, Айлана Ескендір мен Аружан Оразғалиева жүлделі орындарға ие болды.

2022 жылы Петропавлда өткен облыс чемпионатында алдыңғы орындар Айлана Ескендір, Роман Иваненко, Әмина Ғабдуллина, Анар Темірғалиева, Сергей Костин мен Аружан Оразғалиға бұйырды. Сонымен қатар биыл осы мектеп құрамасы Алматы қаласында ұйымдастырылған республикалық деңгейдегі додада жалпыкомандалық есепте бірінші орынды қанжығасына байлады. Блиц және рапид форматында өткен бәсекеде Мирас Хаймолдин, Мирас Зейнуллин, Аңсар Сайран, Кирилл Балаев, Айлана Ескендір, Арсен Сәрсенбайұлы, Нұрхат Серікпай, Ерасыл Жақсыбаев, Мадияр Мұрат, Теміръәли Жаудин, Арыстан Дулат, Тимур Қожанов, Жалилбек Эрматжонов, Аружан Оразғали мен Анар Темірғалиева жүлделі орындарды олжалады.

**Дулат ҚОЖАХМЕТОВ,**
«Қазақ спорты» газетінің тұрақты авторы

**ПЕТРОПАВЛ**

# ШӘКІРТТЕРІ ДОПИНГПЕН НЕГЕ ҰСТАЛДЫ?

**ДОПИНГПЕН ҰСТАЛУ ЕЛІМІЗДЕ ҚАЛЫПТЫ ЖАҒДАЙ БОЛЫП КЕТТІ. ЖЫЛ САЙЫН СЫНАМА ТАПСЫРҒАНДА ОНДАҒАН АТЛЕТ СПОРТТАН ШЕТТЕТІЛІП ЖАТАДЫ. ОНЫҢ ІШІНДЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АРЕНАДА ЕЛ НАМЫСЫН ҚОРҒАП ЖҮРГЕНДЕРІ ЖЕТЕРЛІК. БІРАҚ БҰЛ МӘСЕЛЕ ОСЫ КҮНІ ҚОҒАМДА ҚАТТЫ ТАЛҚЫЛАНА БЕРМЕЙДІ. ТЕК АТАҚТЫ СПОРТШЫЛАР ҰСТАЛСА ҒАНА АЙТЫЛАДЫ. МЫСАЛЫ, ЖАҚЫНДА ЖЕҢІЛ АТЛЕТ ВИКТОРИЯ АННАН (ҚЫЗ КЕЗІНДЕГІ ТЕГІ ЗЯБКИНА – ТІЛШІ) ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН ПРЕПАРАТ ТАБЫЛДЫ. БІРАҚ КӨП ЕШКІМ НАЗАР АУДАРА ҚОЙМАДЫ. ӨЙТКЕНІ ҚАЗАҚСТАНДА СПОРТТЫҢ ДӘЛ ОСЫ ТҮРІНЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ АЗ. БӘЛКІМ СОДАН БОЛАР.**



Допингке қарсы ұлттық орталықтың хабарлауынша, жеңіл атлет 2021 жылдың ақпан айында тыйым салынған препаратпен ұсталған. Сол кезде Өскеменде жеңіл атлетикадан Қазақстан чемпионаты өткен. Виктория осы бәсекеде 200 метрде алтын, 60 метрде күміс медаль жеңіп алған. Бұл жарыс ол үшін соңғы додасы да болған шығар. Өйткені атлет осы жылы 30 жасқа толды. Енді ол 2021 жылдың 11 мамырынан 2025 жылдың 11 мамырына дейін жеңіл атлетикадан жарыстарға қатыса алмайды. Оның допинг сынамасынан метастерон табылған.

Виктория Ан – спринттен әйелдер құрамасындағы үздіктерінің бірі. Қысқа қашықтықтарға жүгіруден бес дүркін Азия чемпионы атанған. Универсиаданы үш рет жеңіп алған.

Ол тегін Ан деп өзгертіп, жарыстарға қатысқан. Метастерон табылғаннан кейін спорттан қол үзді.

Дәл осындай мерзімге Роксана Оспанова мен Александр Каспер де кетті. Бұл екеуі де Зябкина секілді жеңіл атлетикадан Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Любовь Никитенкодан тәлім алған.

Бұл маман шәкірттеріне допинг беріп тәрбиелейтіндей. Үнемі баптаған шәкірттері ұсталып жатады. Мысалы, Ольга Шишигина 1995 жылы Гетеборгтегі әлем чемпионатында екінші орын алғаннан кейін допингпен ұсталды. Оның қанынан станозолол табылды. Сөйтіп, Атлантадағы Олимпиада ойындарына қатыса алмаған болатын.

Кейінгі жылдары Никитенкодан тәлім алғандардан 2010 жылғы жазғы Азия ойындарының күміс жүлдегері Наталья Ивонинская мен 2015 жылғы жазғы Универсиаданың жеңімпазы Юлия Рахманова ұсталған.

Сондықтан осындай былықтары көбейіп кеткендіктен тәжірибелі маманға былтыр 4 жылдық дисквалификация берілді. Ол 2021 жылдың 7 маусымынан 2025 жылдың 7 маусымына дейін кәсіби міндетін атқара алмайды. Бапкерлік қызметпен айналысуға болмайды.

Никитенконың бірнеше шәкірті допинг дауына іліккенімен, ешқайсысы қолданғандарын мойындамаған. Мысалы, осы күні АҚШ-та тұратын спринтер Юлия Рахманова қанынан метастерон қалай табылғанын мүлдем түсінбейді.

– Ешқашан допинг қолданған емеспін. Бір кездері операциядан кейін жаттығудан қол үзіп қалған едім. Емделіп жүргенде әртүрлі препараттар іштім. Кейіннен қанымнан метастерон табылды дегенде бірден сол ішкен дәрілерімнен күмәндандым. Бірақ «Допингке қарсы ұлттық орталық» басшысы Майра Бақашова метастерон ағзаға ішкен дәрілер арқылы пайда болмайтынын айтты. Ол «витаминдер немесе арнайы қоспалар іштің бе?» деп сұрады. Егер ішсем, сол препараттарды Беларусь еліне сараптама жасауға жіберу керектігін ұсынды. Оған ақшам болған жоқ. Сонымен 4 жылға дисквалификация алдым, – дейді Юлия Рахманова.




Осы ретте Любовь Никитенко деген кім деген сұраққа жауап іздеп көрсек. Ол 1948 жылы Қостанай облысында дүниеге келген. Өткен ғасырдың 70-жылдары еліміздегі ең үздік атлеттердің бірі болды. 100 метрге кедергілер арқылы жүгіруден одақ көлеміндегі үздіктер қатарында жүрді. Сегіз мәрте КСРО чемпионы атанған. 1976 жылы Монреальда өткен Олимпиада ойындарына қатысқан. Ал 1997 жылы Жабық кешендегі Европа чемпионатында 60 метрге жүгіруден топ жарған.

Кейіннен жұбайы ақтөбелік Владимир Никитенкомен (футбол бапкері Никитенко емес) бірге бапкерлік карьерасын бастады. Екі маманның тандемінің арқасында өткен ғасырдың 80-90 жылдарында әлемдік деңгейдегі үздік атлеттер жарқырап шықты. Мысалы, Жезғазған қаласының тумасы Виталий Савин 1988 жылы Сеул Олимпиадасында КСРО құрамасындағы әріптестерімен бірге 4х100 метрлік эстафетада жеңіске жетті.

Никитенко жұбы мұнымен шектеліп қалған жоқ. Кейіннен Ольга Шишигинаның жұлдызын жақты. Шишигинаның 2000 жылы Сидней Олимпиадасында тәуелсіз Қазақстан тарихында жеңіл атлетикадан алғаш болып жеңіске жеткенін жанкүйерлер жақсы біледі.

Сонымен қатар әртүрлі додаларда топ жарған Геннадий Черновол, Наталья Ивонинская, Наталья Торшина, Елена Никитенко, Татьяна Азарова, Виктория Зябкина, Әйгерім Шыназбекова, Светлана Голендова, Элина Михина, Юлия Рахманова секілді шәкірттері де болды.

Жалпы, биыл Допингке қарсы ұлттық орталық 28 спортшыға жаза кескен. Бұл аз ба, көп пе?

Жеңіл атлеттерден бөлек, футболшы Айбол Әбікен де бар. Ол 4 жылға спорттан қол үзетін болды.

Әйтеуір, жүріп-жүріп 2019 жылы «Дене шынықтыру және спорт туралы кейбір заңнамалық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы қабылданды. Бұл – жүлдесінен айырылған спортшылардың мемлекеттен алған сыйақысы мен мүлкін кері қайтарып алатын заң. Әзірге спортшыларымыздың допингпен ұсталуына аталған заң да көмек болып жатқан жоқ.

# ФИНЛЯНДИЯНЫҢ БОКСЫН ӨРГЕ СҮЙРЕГЕН ҚАЗАҚ БАПКЕРІ

**ҚАЗАҚТА ДАРЫНДЫ СПОРТШЫЛАР ҒАНА ЕМЕС, БІЛІКТІ БАПКЕРЛЕР ДЕ ЖЕТЕРЛІК. ТІПТІ ШЕТ МЕМЛЕКЕТТЕН СҰРАНЫСҚА ИЕ БОЛЫП, ШЕКАРА АСҚАНДАРЫ ДА БАР. МЫСАЛЫ, ФИНЛЯНДИЯ ЕЛІНДЕ АСҚАР СӘРСЕНБАЕВ ЕСІМДІ БОКС БАПКЕРІНІҢ АТАҒЫ АСПАНДАП ТҰР. ОЛ ҚАЗІР ОСЫ ЕЛДІҢ ҚҰРАМАСЫНЫҢ БАС ҮЙЛЕСТІРУШІСІ.**





Кейіпкеріміз 1972 жылы қазіргі Түркістан облысына қарасты Кентау қаласында дүниеге келген. Ол көпбалалы отбасында өскен. Үйдегі алты баланың төртеуі қыз, екеуі ұл екен. Асқар үйдің кенжесі. Әкесі 42 жыл шахтада еңбек еткен. Анасы асханада жұмыс істеген.

Спорттағы жолы алдымен футболдан басталыпты. Екі жылдай ала допты дұрыс тебуді үйренеді. Сосын теледидардан Серік Қонақбаевтың Мәскеу Олимпиадасындағы боксын тамашалайды. Сөйтіп, былғары қолғапқа деген қызығушылығы оянады. Бокс залына алғашында ағасымен бірге барған. Ол тұста боксқа 10 жастан қабылдайтын. Кеншілер қаласында Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Қазыбек Мырзақұловтан тәлім алған.

Кентаудағы бокс залында үш топ болған. Әр топта 40-50 баладан бар. Сондықтан бәсекелес күшті. Жаттығудан қалсаң, қатардан шығасың. Жарыстарға апармайды. Бала Асқар осыны жақсы түсінді.

Арада сегіз ай өткенде алғашқы жарысына жолы түскен. Содан 25 жыл бойы қолынан бокс қолғабын шешпеді. Осы аралықта 400-ден астам кездесу өткізген. Қырғызстанда өткен КСРО-ның оқушылар арасындағы чемпионатында топ жарған. Жасөспірімдер арасындағы Қазақстан біріншілігінің жеңімпазы. Ересектер арасында Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) ашық біріншілігінде үздік шыққан. Кейін Финляндия елінде үш мәрте сол елдің чемпионы болған. АИБА ұйымдастырған халықаралық «Tammer Turnaus» турнирінде алтын жүлде алған. 2010 жылдан бері Финляндия құрамасында бапкер болып еңбек етеді. Алты жыл ұлттық құраманың тізгінін ұстады. Қазір үйлестіруші болып жүр.

Суоми еліне жолы қалай түскен? Осы сауалға боксшының өзі жауап берді.

– Боксты тастамай, ол жақта спорт шебері дәрежесін орындадым. КСРО-ның ыдырап жатқан кезі ғой. Шыны керек, Қазақстаннан келген маған Петерборда оңай болмады. Әлгі «спорт шебері» дәрежесін бермей, екі жылдай қинады. Бір жағынан өзім де спортқа емес,



білімге ден қойдым, – дейді кейіпкеріміз.

Санкт-Петербург Финляндиямен шекаралас. Сондықтан Ресейдің солтүстік астанасына олар жиі қатынап тұрады. Бірлесіп оқу-жаттығу жиындарын да өткізген. Сондай жиындардың бірінде Суоми елінің бас бапкері Сәрсенбаевты өздеріне шақырады. Басында үш айдай сол жақта болады. Бірақ кейін туған жерге оралуды құп көреді. Үйдің кенжесі, шаңырақтың иесі. Кентауға әке-шешесінің қасына келеді. Алайда 90-жылдардың басындағы алмағайып заманда лайықты жұмыс табылмайды. Қайтадан 1997 жылы Финляндияға барған. Ол жақта әпкесі тұрады. Қонаққа шақырған. Финляндияның батысындағы 20 мыңға да жетпейтін халық орналасқан Пиетарсаари деген қалада болады. Бұл қалада негізінен адамдар швед тілінде сөйлейді. Әпкесінің үйінде жүріп, спортзалда жаттығу жасайды.

– Бір күні спорт кешенінің қожайыны «балаларды жаттықтыруға қалай қарайсың?» деп сұрады. Мен келістім. Сөйтіп, боксқа қызығушылығы бар балаларды жинадық. Өзім де олармен бірге жаттығып жүрдім. Сосын жергілікті клубқа қабылданып, Финляндияның чемпиондарын жеңе бастадым. Одан кейін Рованиемидегі халықаралық жарыста үш жекпе-жекті өз пайдама шештім. Сол кезде Финляндия құрамасының аға бапкері Генрих Форс байқап, АИБА-ның «Tammer Turnaus» турниріне қатысуға шақырды. Алғашқы кездесуде Эстония боксшысы Эркки Поллиден басым түстім. Бокс ол кезде 2 минуттан 4 раунд болатын. Төртінші раундта үш нокдауннан кейін қарсыласымды нокаутқа түсірдім. Өкінішке қарай, жартылай финалда АҚШ боксшысына есе жібердім. Бірақ кейіннен 2001 жылы осы турнирде топ жардым, – дейді Асқар Сәрсенбаев.

Суоми елінде қандасымыз 60 келі салмақта төрт мәрте чемпион атанған. Кейіннен Финляндия чемпионатын ұта беруден ұялып, тек халықаралық додаларға қатысумен шектелді. Шаршы алаңда 35 жасқа дейін жүрді. Сосын қолғабын шегеге іліп, бапкерлік жұмысты бастайды. Алғашында Финляндия жасөспірімдер құрамасының аға жаттықтырушысы болды. Мұнда да біраз жетістіктерге жеткен соң, қыздар құрамасының тізгінін ұстады. Артынша ұлттық құрама бас бапкер болды.

2010 жылдан бастап талай боксшының томағасын сыпырды. Финляндия бокс мектебінің деңгейі Қазақстанмен салыстырғанда өте төмен. Бапкерлерінің біліктілігі де жоғары деңгейде емес. Боксшылардың техникалық шеберлігін шыңдау оңайға соқпаған.

Дегенмен, арада 3 жыл өткенде еңбегінің жемісін көре бастады. Мысалы, 2013 жылы жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатында шәкірті ширек финалға дейін жетті. Арада бір жыл өткенде Болгарияда құраманың тағы бір мүшесі екінші орын алып, Нанкиндегі жасөспірімдер арасындағы Олимпиада ойындарына қатысты.

Қыздар құрамасындағы боксшылары 2016 жылы Астанадағы әлем чемпионатында олжа салды. Мира Потконен 60 келі салмақта қола жүлдеге ие болды. Өзінің туған жерінде әкелген шәкірті сенімді ақтағанына бапкер Сәрсенбаев балаша қуанды.

Кейіннен осы Мира Потконен 2016 жылы Рио-де-Жанейро, 2020 жылы Токио Олимпиадасында қола жүлдеге қол жеткізді.

Бразилия шаршы алаңында Мира ширек финалда бес дүркін әлем чемпионы ирландиялық Кэти Тэйлорды ұтып кеткені бар.

Отбасы жайлы қысқаша айтсақ, анасы Салиха аспазшы болып жұмыс істегенін жаздық. 2003 жылы 63 жасында дүниеден өткен. Ал әкесі Бекен көзі тірі. Жасы 90-ға жақындап қалды.

Өзі 30-ға жақындағанда отбасын құрған. Сүйіктісін алыстан емес, туған жері Кентаудан кездестіріпті. Қазіргі кезде бір ұл, екі қыз тәрбиелеп отыр. Үлкен қызы 16 жаста. Алты тіл біледі екен. 13 жастағы ұлы бокстан оқушылар арасында Финляндия чемпионатында бірнеше рет жеңіске жеткен.

Бос уақытында баскетбол ойнағанды, суда жүзгенді жақсы көреді.

Бетті дайындаған – **Бек ТӨЛЕУ**

# ТАЛГАРСКИЙ АМЕРИКАНЕЦ

**ДВЕ НЕДЕЛИ ГОСТИЛ НА РОДИНЕ БЫВШИЙ ИЗВЕСТНЫЙ ФУТБОЛИСТ АЛМАТИНСКОГО «КАЙРАТА» И КИЕВСКОГО «ДИНАМО», НЫНЕ ЖИВУЩИЙ В ЛОС-АНЖЕЛЕСЕ АЛЕКСАНДР ХАПСАЛИС. И МЫ НАПРОСИЛИСЬ К НЕМУ В ГОСТИ.**



**– Давненько вас не было в Алматы?**

– Целых 11 лет. Но всегда приятно вернуться в родные пенаты. Увидеть родственников, друзей. Тех с кем играл в футбол на заре своей юности.

**– И как прошли встречи?**

– В дружеской обстановке. Вот удивился тому, что многие мои друзья играют в городском чемпионате, чей возраст превышает 58 лет. Это что-то новое! Я побывал в воскресенье на их играх. И было приятно, что меня узнавали и болельщики.

**– А за океаном за казахстанским Футболом следите?**

– Не всегда. Но знаю, что нынче казахстанцы сотворили сенсацию в Лиге нации. Надеюсь, что команда пробьется на чемпионат Европы.

**– Кстати, вы же чемпион Старого Света среди юношеских (1976 г) и молодежных (1980 г) команд.**

– Было такое. Тогда я играл уже в составе киевского «Динамо». Но благодарен кайратовским руководителям, которые пригласили меня играть в эту команду. Особенно постарался Тимур Санжарович Сегизбаев, который был в команде и как старший товарищ, и как отец. Побывал я на Кенсае на его могиле. Возложил цветы…

**– Но прежде чем попасть в «Кайрат», вы прошли хорошую закалку в спортивном интернате?!**

– Когда я учился в 7 классе привел меня туда отец. Этот интернат назывался тогда РШИ №8 для одаренных в спорте детей. Он до сих пор существует и находится на Шевченко-Байзакова. Правда, говорят отделения футбола нет. Днем я здесь учился и тренировался. А ночевать шел к дяде – брату отца. Моими наставниками были Геннадий Анатольевич Мун и Валерий Андреевич Эксузян. Они и слепили из меня футболиста. Эксузяна уже нет в живых, царство ему небесное. А Геннадий Анатольевич еще здравствует и он, как видите, сегодня с ребятами пришел меня проведать.



*В 1975 году на международном турнире Ташкенте стал лучшим бомбардиром и был признан сильнейшим нападающим. После турнира к Хапсалису подошёл тренер киевского «Динамо» Михаил Коман сказал, что его хочет посмотреть Валерий Лобановский*

**– Расскажите, как вы попали в «Кайрат»?**

– В 1973 году мы стали чемпионами города Алма-Аты. И нам дали право представлять республику на зональных соревнованиях в г. Кимры (РСФСР). Было 6 коллективов: Москва, Ленинград, Азербайджан, Латвия, Узбекистан и мы. Сразу скажу, что выступили мы средненько. Заняли в этой сложной группе третье место и в финал не пробились. Но меня и Нурлана Насырова пригласили на сборы юношеской сборной СССР. Мы их успешно прошли и даже съездили в поездку в Северную Корею. А по приезду узнаю, что меня приглашают в «Кайрат». Моя мечта сбылась. Ведь еще живя в Талгаре, я сбегал из дому смотреть матчи главной команды республики в Алма-Ату. Тогда в Талгар автобусы ходили до 12 часов ночи. Я, спокойно успевал. Бывало, со стадиона шел пешком до Дворца Ленина. Потому что сесть на маршрутный автобус было сложно. Представляет, 30000 болельщиков одновременно выходят со стадиона. На «Саяхате» садился на рейсовый автобус. Все водители меня уже знали. Даже денег не требовали.

**– И как вас встретили в «Кайрате»?**

– Сразу сказали: бери мячи и неси на поле. Потом заставили бежать за фишками. И никакой обиды. Наоборот, рад был выполнять поручения старших. И когда садились за стол, даже не обращал внимания на то, что у молодых игроков в тарелке было меньше мяса, нежели у ветеранов. Когда Слава Маркин подарил мне свои бутсы, был на седьмом небе от счастья. Они же, ветераны, подсказывали, как действовать на поле. «Хапчик, - сказал однажды Сергей Рожков, - ничего не выдумывай. Играй, как умеешь». Я прислушивался их советов. Потом мне пришлось играть в других командах. И всегда я сравнивал: где же мне лучше было? Всегда вспоминал «Кайрат». Здесь мне было комфортно. В прошлый свой приезд сижу на трибуне. Играет «Кайрат». И вдруг ко мне подсаживается один из болельщиков и говорит: «…В ваше время играли лучше. Сегодня мы приходим смотреть на пародию футбола. Да и болельщиков, посмотрите, тыщи две, наверное»…

Тогда несколько десятков любителей футбола провожали меня до самой машины. Нечто подобное испытал и в этот раз на ветеранском чемпионате. Многие ребята знакомые. Чуть ли не на руках носили.

**– А с кем из одноклубников встречались в этот приезд?**

– Витю Булахова видел. Он вчера заходил. С ним и Владимиром Фомичевым у нас сложились теплые отношения в «Кайрате». Наверное, потому что сверстники. Проведал старшего своего товарища Александра Жуйкова. Чувствую, что ему тяжело одному. Но он сильный. Закалила его борьба в футболе. Николаевич, ведь, никому никогда не уступал в единоборствах за мяч. Всегда был заряжен на борьбу. Увиделся и с интернатовскими ребятами: Колей Килибаевым, Андреем Костогрызовым, Евгением Добряковым. Почти до утра вспоминали свою лихую молодость.

– В «Кайрате» вы выступали в основном за дубль. За основу в 1974 году сыграли всего 9 игр. А были взяты на заметку скаутами киевского «Динамо».

– Вы правы. За «Кайрат» я сыграл мало матчей. А вот частое приглашение в состав юношеской сборной, как мне кажется, сыграло свою роль. Не только киевляне приглашали меня. Сначала позвали в московское «Торпедо». Потом проявил ко мне интерес ЦСКА. Даже хотели в армию призвать. Но киевляне опередили. Домой к нам приехал тренер – селекционер из столицы Украины и поговорил с отцом. Папа был болельщиком этой команды. Поэтому он скажет: «Сынок, ты молод. Еще успеешь вернуться в «Кайрат». Езжай в Киев к Лобановскому». Валерий Васильевич уже был известен всему футбольному миру своей новой методикой.

Но выехать в Киев была проблема. Охоту на меня начал армейский клуб. Сам Анатолий Тарасов звонил. Я ему в личном разговоре вежливо отказал. Раз так, сказали они, силком призовем в армию. И отправили своих гонцов. Возвращаюсь вечером с тренировки, а бабушка в окно машет: уходи. Понял, что военный УАЗ-469 неспроста стоит во дворе. Оказывается, люди в форме приехали меня забирать в армию. Узнали, что я готовлюсь уезжать в Киев и расставили своих людей на железной дороге, в аэропорту. Выручили друзья, которые приклеили мне усы, натянули парик и одели в шапку. В руки дали авоську с моими нехитрыми пожитками. Получилось все, как в кино. Благодаря своему внешнему виду я пробрался в самолет и улетел в Киев.

Прилетаю в столицу Украины меня везут в общежитие. Поселили в комнату, где стояло 28 коек. Потом узнаю, что здесь будут жить такие же спортсмены, как и я. Все из разных концов Советского Союза. И все кандидаты в киевское «Динамо». Несколько дней сборов, а потом игры. Там я познакомился с Владимиром Бессоновым, который стал потом мне близким другом. Из разношерстной толпы, нас оставили в дубле только четверых. Беса, меня, Саньку Бережного, кажется, и еще кого-то. Не помню. Но в динамовской команде обстановке была совсем другой, нежели в «Кайрате». Здесь все держалось на уважении и дисциплине. Никакой дедовщины. Все равные. Правда, в игре старики могли напихать. Помню замечание Моти (Виктора Матвиенко): «Юноша, будь начеку все 90 минут». Он имел ввиду то, что надо поддерживать постоянный темп. Игра динамовцев строилась именно на быстроте действий. А это большая физическая нагрузка. Не каждый выдерживал. После игры получил от него одобрение за свои действия. Было трудно и психологически. Здесь в Киеве на дубль ходило 30000 болельщиков. А на основе, на стадион приходило до 100000 человек. Рев стоял, на другом конце Киева слышали.

**– Играть рядом с такими кудесниками мяча, как Блохин, Мунтян, Трошкин, Буряк, Онищенко, наверное, было приятно…**

– Не то слово. Мы отрабатывали все до автоматизма. Поощрялись индивидуальные находки. Сегодня много говорят об универсальности футболиста. В командах мастеров – это личности, которым нет замен. А в наше время большинство футболистов были универсальными игроками. Я прошел, к примеру, все линии – от обороны до нападающего. Причем играл на том фланге, куда мне ставили тренеры. И, знаете, при переходе в защитника, мне было легко, потому что я знал специфику игры нападающего. Сам в этой шкуре побывал. Это называется «читать игру».

**– Вы пришли в «Динамо», когда они стали обладателями Кука кубков и Суперкубка Европы. Об этом рассказывали?**

– Это было нормальным явлением. Иногда вспоминали матчи. Особенно когда играли евро кубковые встречи. Но «звездняка» ни у кого я не заметил.

**– Я помню, что вы забили в одной игре за Кубок Европы с подачи Олега Блохина. Помните этот момент?**

– Помню! Я больше ассистировал Олеже, а тут он меня вывел один на один с кипером. Мне оставалось только не промахнуться. Это была настоящая классика!

**– А какие отношения были у вас с ним. Говорят, он был крутым парнем?**

– Я бы не сказал. Но профессионал он до мозга и костей. Для него всегда было важным держать себя в тонусе. Первым приходил на тренировку и последним уходил. Каким был Блохин, такого футболиста больше не будет. Многие ребята пытались вытащить его на отдых. И всегда получали отказ. Как-то мы с Бесом сидим и пьем шампанское. Вдруг звонит мне Блоха и спрашивает: «Где вы?» «Дома, шампусиком балуемся», - отвечаю я. «Тогда ждите, приеду»…Мы не ожидали такого. Но он приехал. Вообще в Киеве мне нравилось. Коллектив был классный. До сих пор дружим с Сашей Бережным, Сашей Бойко, Сашей Журавлевым. Он, кстати, работал заправщиков. Я привез его к Суркису и сказал: «Лобан бы не дал человеку так унизиться. Возьми его на работу». Уже несколько раз Саша признавался лучшим детским тренером в системе киевского «Динамо». В этом же клубе и Володя Бессонов. Был в команде и наш земляк, карагандинец Виктор Насташевский.

**– А что за конфликт вышел у вас Лобановским?**

– Я даже рад, что так случилось. Это недоразумение в корне определила мою дальнейшую судьбу. И за это я благодарен Валерию Васильевичу. В июле 1982 года, обидевшись на тренера, я покинул команду. К тому времени я уже достиг определенных успехов. В составе молодежной и юношеских команд стал чемпионом Европы. Два раза выигрывал золотые медали чемпионатов СССР, дважды был призером, становился обладателем Кубка СССР. Я обиделся на то, что Лобановский крикнул помощникам: меняйте Хапсалиса. Утром следующего дня написал заявление. Хотя Лобановский сам пришел ко мне и сказал: «Работай дальше». Я собрал вещи и ушел с клуба. Конечно, в душе кошки скребли. Но ушел из «Динамо» (Киев) пришел в «Динамо» (Москву). Система была одна, поэтому я там оказался.

**– В составе этого клуба стали обладателем Кубка СССР. Что это был за коллектив?**

– Выше я отмечал, что в разных командах была разная остановка. У москвичей такой дружбы, как в «Кайрате» и киевском «Динамо» не было. Там жили по принципу: если ты профессионал, так умей отвечать за свои поступки. После победы в Кубке я сказал ребятам: «Давайте семьями соберемся в ресторане и отметим этот успех». На что они засмеялись и ответил: «Никогда у нас такого не было, чтобы с женами собрались». А в Киеве мы частенько практиковали коллективные выходы в свет.

**– И у вас с Малофеевым получился конфликт?**

– Не люблю лицемеров и людей, которые могут предать, обмануть. Малофеев один из них. Он страшно не любил Лобановского и его «Динамо». А я наоборот, поддерживал отношения с ребятами. Вот он и злился. Однажды настрочил меня кляузу в динамовскую организацию. С проверкой пришел один из руководителей общества. Посмотрел, как живу. Я у него спросил: «Кто «настучал?». Он ответил: «Малофеев». Я пошел разбираться. Хорошо остановили, не успел его ударить. В тот же день написал заявление и уехал в Киев. Могу сказать, что при Малофееве мы не играли в футбол, а мучились. Дисциплина была никакой. Даже носки свои ребята не стирали. Кинь в верх, они прилипали на потолке.

Но были и приятные моменты. В те годы я повстречал свою любовь – Лизу, с которой связал себя узами брака. Благодарен Сашке Головне, который играл со мной в московском «Динамо». Он то и пригласил в ресторан. Там я и влюбился в блондиночку. Оказалось она профессиональный танцор и живет в Ленинграде. Она потом уехала в Америку и за ней, вначале 90-х, отправился и я. Еще раз повторюсь: «Спасибо за это Лобановскому. Если бы не он, судьба моя сложилась бы иначе. И вряд ли я встретил свою вторую половину.

**– Расскажите, как там жилось вам на первых порах в США?**

– Трудно было. Ни работы, ни денег. Не мог же я сидеть на шее жены. Тот самый Сашка Головня уже играл в мини-футбольной команде «Сан-Диего Соккерз». По его рекомендации в этот клуб попал и я. Эта команда несколько раз становилась чемпионом Америки. Я в ее составе тоже дважды побеждал в индорс соккерс (игра в хоккейной коробке). Потом я стал жить с семьей в Лос-Анжелесе. Сначала зарабатывал на жизнь случайными заработками. А потом открыл футбольную школу «Динамо Соккерз» и стал тренировать детей. Уже могу похвастаться, что мои воспитанники играют в Европе. Есть они в Голландии, Бельгии, Германии, Дании. Когда уезжал сюда, маленькие ребята обхватили мои ноги и кричали: «Не уезжай, не уезжай». Они думали, что я навсегда покидаю их…

**Алим АНАПЬЯНОВ**



*Во время выступлений за советские клубы врачи поставили диагноз порок сердца. В ответ на запрет играть Хапсалис написал бумагу, что если умрет на футбольном поле, то врачи будут не виноваты, и продолжал с успехом выходить на поле*

# ТОП СОБЫТИЙ 2022 ГОДА В СПОРТЕ

←1




### ПОРАЖЕНИЕ ГОДА

Топовый казахстанский боец Дамир Исмагулов потерпел поражение на турнире UFC Fight Night в Лас-Вегасе от россиянина Армана Царукяна единогласным решением судей. Стоит признать, что мало кто из его фанатов ожидал такого исхода боя, который был согласным.

Для 31-летнего Исмагулова это первое поражение за последние 20 боев, второе в карьере и первое в UFC. Причем это был еще и его последний поединок по контракту со знаменитым промоушеном. А последний раз он проигрывал еще в сентябре 2015-го на турнире лиги M-1 Global. Пока неясно дальнейшее будущее Исмагулова в UFC, но он не исключил, что может попробовать себя в профи-боксе, а также признался, что дрался на UFC, будучи больным, что и повлияло на результат.

### ТИТУЛ ГОДА

Мало кто ожидал, что Жанибек Алимханулы, тот самый скромняга из сборной Казахстана по боксу, перейдя в профи, станет самым эпатажным из своих земляков. На его фоне даже редкие выпады GGG в адрес «Канело», которого он называл клоуном, выглядели очень безобидно.

Алимханулы, которого успешно ведет известная промоутерская компания Top Rank, весь год занимался трэш-током, пытаясь заполучить чемпионский бой, причем он выступает в весе Головкина. Но то ли его упорно избегали, то ли не воспринимали всерьез.

В итоге Всемирная боксерская организация (WBO) просто провозгласила казахстанца чемпионом без боя, потому что он являлся обладателем пояса «временного» чемпиона, а владевший полноценным титулом американец Деметриус Андраде драться с ним отказался и ушел в другой дивизион.

Алимханулы стал шестым казахстанцем в истории, кому удалось примерить чемпионский пояс. Ранее это сделали Василий Жиров, Геннадий Головкин, Жанат Жакиянов, Бейбут Шуменов и Данияр Елеусинов. До конца года Алимханулы успел даже провести успешную защиту титула.

### БОЙ ГОДА

В этой номинации бесспорный лидер – Геннадий Головкин с трилогией против Сауля «Канело» Альвареса. GGG провел поединок, которого фанаты ждали аж четыре года, но которого упорно избегал мексиканец.

И хотя Головкин и проиграл решением судей, этот бой ему, бесспорно, можно занести в актив как один из лучших. В 40 лет он вышел против 32-летнего боксера в расцвете карьеры, поднялся в более высокий дивизион, являясь типичным средневесом. И если бы в боксе было не 12 раундов, а, например, 14, не факт, что именно «Канело» ушел бы из ринга победителем. GGG не только показал, как обычно, высококлассный бокс. А после боя признался, что не ощущал удары Альвареса, и этому можно верить, так как на лице Геннадия после боя не было ни единого следа от перчаток оппонента. За что, кстати, «Канело» очень раскритиковали.

Ну и надо добавить, что перед этим GGG отобрал титул у японца Риоты Мураты и теперь является чемпионом WBA Super, IBF и IBO в среднем весе.

### ТРАНСФЕР ГОДА

Нуралы Алип в этом году казахстанском футболе навел шороху дважды. Нет, даже трижды. Сначала в начале 2022 года, когда попал в аренду в «Зенит» из «Кайрата». Затем в мае, когда в составе клуба из Санкт-Петербурга стал чемпионом российской премьер-лиги. И потом в декабре, когда клуб выкупил его у алматинцев.

Пожалуй, мало кто из перспективных казахстанцев в этом году подвергался большей критике, чем Алип, которому на днях исполнилось 23. В стартовый состав «Зенита» он попадал не так часто, как хотелось бы, его малейшую ошибку на поле российские СМИ рассматривали буквально под микроскопом, в народе ему прочили регресс, если продолжит просиживать в запасе. И все вместе были уверены, что он в межсезонье уйдет в другой клуб.

Но «Зенит» сотворил настоящую трансферную бомбу по-казахстански. Выкупил у «Кайрата» права на талантливого защитника, а контракт подписан по схеме «2,5 + 1». И, по словам агента футболиста, перспективы в клубе у него очень хорошие.

### ВОЗВРАЩЕНИЯ ГОДА

Да, вы все правильно прочитали. Не возвращение, а именно возвращения. Очень уж сложно было выбрать между двумя тренерами, которые вернулись в два столичных клуба. Поэтому победу в этой номинации поделили между собой Андрей Скабелка и Григорий Бабаян.

Оба когда-то были очень успешны в командах из «Астаны». Оба потом искали лучшей жизни в российских командах. И оба вернулись в Казахстан в 2022-м. У Скабелки в «Барысе», правда, на этот раз все складывается не так хорошо, команда периодически покидает зону плей-офф КХЛ. А вот Бабаян в чемпионской гонке с «Астаной» обошел «Актобе» и в очередной раз выиграл золото КПЛ.

### ТУРНИР ГОДА

Новак Джокович выиграл турнир в Астане. Такими заголовками этой осенью пестрели все мировые СМИ. И, пожалуй, только президент Федерации тенниса Булат Утемуратов знает, чего стоило организовать в Казахстане турнир ATP 500 с целой россыпью звездных игроков. Уже перед стартом турнира билетов было просто не достать, на матчах были аншлаги, а кто-то из болельщиков сидел даже в проходах. Призовой фонд составил около двух миллионов долларов. А победитель признался, что был впечатлен.

## АБАЕВ ПРОДОЛЖАЕТ ПОЕЗДКИ ПО РЕГИОНАМ

**ЖАМБЫЛСКАЯ ОБЛАСТЬ – ТРИНАДЦАТЫЙ ПО СЧЕТУ РЕГИОН, ГДЕ СОСТОЯЛАСЬ ВСТРЕЧА МИНИСТРА КУЛЬТУРЫ И СПОРТА ДАУРЕНА АБАЕВА С НАСЕЛЕНИЕМ. В ХОДЕ ДВУХЧАСОВОГО ДИАЛОГА ГРАЖДАНЕ ИНТЕРЕСОВАЛИСЬ, КАК БУДЕТ РАЗВИВАТЬСЯ СПОРТ И КУЛЬТУРА, КАК ВЕДОМСТВО ПЛАНИРУЕТ СТИМУЛИРОВАТЬ РАЗВИТИЕ ТУРИЗМА В РЕГИОНЕ.**



Отметим, часть вопросов касалась работы творческих и спортивных кружков. Министр сразу ответил, что программа ARTSPORT продолжит работу и в 2023 году. Также граждане выразили благодарность за повышение заработных плат в сфере спорта, в частности речь идет о тренерах и спортивных судьях.

«С апреля этого года я посещаю регионы страны, где провожу встречи с населением, всегда получая качественную обратную связь. Такой формат работы позволяет держать руку на пульсе событий и более эффективно выстраивать планирование» – отметил Даурен Абаев.

Одним из ключевых вопросов работы министерства является повышение доступности спортивной инфраструктуры. В этом году по всей стране начато строительство 114 новых объектов, реконструкция и модернизация 21 действующих крупных спортивных объектов.

## НОВЫЙ СПОРТКОМПЛЕКС ОТКРЫЛИ В КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

**В СЕЛЕ ЕГИНДЫБУЛАК КАРКАРАЛИНСКОГО РАЙОНА ПО ПРОЕКТУ «АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ» ПО ПРОСЬБЕ ЖИТЕЛЕЙ ПОСТРОИЛИ ФИЗКУЛЬТУРНО-ОЗДОРОВИТЕЛЬНЫЙ КОМПЛЕКС. В ФОКЕ НА 100 МЕСТ СОЗДАНЫ ВСЕ УСЛОВИЯ ДЛЯ АКТИВНОГО ДОСУГА ДЕТЕЙ И ВЗРОСЛЫХ.**

В двухэтажном здании есть спортивный зал и зал борьбы. В спортзале уложен паркет. Такое напольное покрытие долговечно и менее травматично для занятий спортом. Установлены современные тренажёры.

– Построить спорткомплекс очень просили жители. Это шаг вперёд для развития спорта в районе. Замечательно, что дети будут проводить здесь своё свободное время. Надеемся, что в будущем отсюда выйдут чемпионы по многим видам спорта, – сказал на открытии ФОКа тренер по футболу Магжан Абжан.

Сельчане смогут посещать секции қазақ күресі, волейбола, футбола, гандбола, баскетбола, дзюдо.

– Открытие ФОКа – это историческое событие для нашего села. Я сам спортсмен, раньше занимался ММА, но сейчас перешёл в футбол. Теперь мы вместе с молодёжью будем развивать футбол в нашем селе, – говорит житель Егиндыбулака Аян Толеу.



Аким Карагандинской области Ермаганбет Булекпаев поздравил сельчан с открытием ФОКа.

– В селе Егиндыбулак в рамках программы «Ауыл – Ел бесігі» проведён ряд мероприятий. Сегодня открываем современный спортивный комплекс. Ждём от сельской молодёжи больших достижений, – сказал глава региона.

В настоящее время в области действуют 2782 спортивных сооружения, из них 980 – в сельской местности. Ежегодно в регионе строится всё больше спортивных объектов, но тем не менее потребность в них ещё есть.



## ПРОЩАЙ, БОКСЁР



**НА 54-М ГОДУ ЖИЗНИ СКОНЧАЛСЯ ПРОСЛАВЛЕННЫЙ СОВЕТСКИЙ И КАЗАХСТАНСКИЙ БОКСЕР, ЧЕМПИОН СССР И МНОГОКРАТНЫЙ ПОБЕДИТЕЛЬ ЧЕМПИОНАТОВ КАЗССР И КАЗАХСТАНА БОЛАТ ТЕМИРОВ. ОБ ЭТОМ 20 ДЕКАБРЯ 2022 ГОДА СООБЩИЛИ В КАЗАХСТАНСКОЙ ФЕДЕРАЦИИ БОКСА.**

Болат Бисенович родился 9 июня 1969 года в городе Гурьеве (ныне Атырау). Пришел в спортивную секцию бокса в зале «Автомобилист» в восьмом классе, вместе со своими сверстниками. После первых занятий был замечен тренером Ерболатом Бисекеновым. Впервые поднялся на пьедестал почета в 1985 году.

Болат Темиров – участник Олимпиады-1992, неоднократный участник чемпионатов мира. В первые годы независимости Казахстана был капитаном национальной сборной. После окончания боксерской карьеры успешно занимался бизнесом, работал на должности генерального секретаря КФБ, являлся почетным гражданином Атырауской области.

# 480 СЕКУНДТА ХЕТ-ТРИК ЖАСАҒАН ШАБУЫЛШЫ

**ОСЫДАН 18 ЖЫЛ БҰРЫН ФУТБОЛДАН ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИОНАТЫНДА БІРНЕШЕ ДҮРКІН ЧЕМПИОН БОЛҒАН ФУТБОЛШЫНЫҢ БІРІ ВИКТОР ЗУБАРЕВ ӨМІРДЕН ӨТКЕН ЕДІ. ОТАНДЫҚ СПОРТТА ЕРЕКШЕ ІЗ ҚАЛДЫРҒАН ШАБУЫЛШЫНЫҢ КАРЬЕРАСЫНА ТОҚТАЛЫП ӨТКЕНДІ ЖӨН КӨРДІК.**



Ол спорт әлеміне баскетбол арқылы келіп, халыққа футболшы болып танылды. Небәрі 31 жыл өмір сүрсе де, қазақ футболының тарихына өз есімін өшпестей қылып жазып кеткен шабуылшы.

Виктор Зубарев 1973 жылы 10 қазанда Павлодар облысы Ақсу ауданында (бұрынғы Ермак) дүниеге келген. Ол футболға келмес бұрын алдымен баскетболмен айналысты. Әрине, бойы ұзын қыз-жігіттерді бапкерлер баскетболға көбірек шақыруға тырысады. Бірақ Виктор баскетболда көп тұрақтап қалғысы келмеді. Жүрегінің қалауы футбол болды. Бұл таңдауының дұрыс екенін кейінгі көрсеткен нәтижелеріне қарап байқауға болады.

«Асыл тас су түбінде жатпайды» деп дана халқымыз айтқандай, ол өзінің шеберлігін қалың жанкүйерге паш етті. Алғаш өнер көрсеткен командасы Екібастұздың «Батыр» командасы болды. Бұл ұжымның қатарында төрт жылға жуық ойнады. Өзін жақсы жағынан танытып келе жатқан шабуылшыға көз тіккендер көп болды. Осылардың арасында бірінші болып Павлодардың бас командасы «Ертіс» өз қатарына қосуға асықты. Бұл командаға ауысуы оның футболдағы карьерасының жаңа арнаға көтерілуіне үлкен септігін тигізді. 1997 жылы тұңғыш рет Қазақстан чемпионы атанды. Осы жылдары ұлттық құрамаға шақырыла бастады. Бұл маусымда керекулік командамен 23 ойын өткізіп, 10 голына көрімдік сұрады. Бірақ келесі жылы Ресейге сапар шегеді. Зубаға солтүстік көршілеріміздің арасында алғаш көз тіккен Туланың «Арсеналы» болды. Жарты маусымда 18(6) ойын өткізіп, екінші бір ресейлік командаға ауысады. Бұл Нижний Новгородтың «Локомотив» командасы еді. Команданың қаржылық жағдайы аса мәз болмаған соң, маусым аяқталысымен елге қайта оралды.

Елге келген кезде «Ертіспен» екінші рет ел чемпионы атанды. Осы жылы Қазақстан чемпионатының үздік ойыншыларының бірі атанды. Тіпті «Goal» журналы елдегі ең үздік ойыншы деп таныды.

Жаңа ғасырға қадам басқан 2000 жылы Кипрдің «Аполлон» клубына ауысады. Лимасолдық команда жерлесімізді баржоғы 25 мың долларға сатып алған екен. «Аполлон» – Кипрдегі танымал командалардың бірі.

Алғашқы маусымда 15 гол соғып, өз командасының үздік шабуылшысы атанды. Талантты ойыншы қай жерде таланты деген осы болар. Оның ел кубогінің финалында соққан голы командасына жеңіс сыйлады. Араға тоғыз жыл салып, мәртебелі кубокты ұтуға өлшеусіз үлесін қосқан шабуылшыға жергілікті жанкүйерлердің қошеметі ерекше еді. Сондай-ақ осы жеңіс арқылы лимасолдық клуб УЕФА кубогіне қатысуға мүмкіндік алады.

Осындай керемет ұжыммен жоғары жетістікке жетсе де елге оралғысы келді. «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас» деген мақал осы Викторға да қатысты айтылған секілді. Ол өзінің туған жерін, әсіресе, «Ертісті» сағынды. Мүмкін тағдыр оның өмірінің қысқа болатынын сездіріп, елге қайтарған да болар.

Өзі өнер көрсеткен «Ертіске» оралғанда команданың тізгіні танымал маман Дмитрий Огайдың қолында болатын. Огай бапкер сол кезде командаға кілең үздік ойыншыларды жинады. Керекулік команда Зубаревтің келуімен тағы ел чемпионы атанды. Ол өзін «Ертістің» жолы болғыш футболшыларының бірі санайтын. Өйткені Виктор – «Ертіске» үш рет келіп, үшеуінде де чемпион болған футболшы. Сонымен қатар соның үшеуінде де командада бір жылдан артық ойнаған емес.

Ал ең соңғы ойнаған командасы «Есіл-Богатырь» болды. Солтүстіктің командасында 2003-2004 жылғы маусымда 26 (16) ойын өткізді.

Виктор 18 қазанда Омбыда дүниеден өтті. Футболшының жарық дүниемен қоштасуына нашақорлығы себеп болған екен. Зубарев сол жерде жерленді.

– Виктор жақсы футболшы әрі адамгершілігі мол азамат болатын. Оның алаңда көп нәрсе көрсетуге таланты жететін. Екеуміз Нижний Новгородта жүргенде араластық. Сол кезде «Локомотив» командасында бірге ойнағанбыз. Егер өмірден ертерек кетпегенде, тағы да біраз жыл қазақ футболының дамуына өз үлесін қосар еді, – дейді Қазақстан құрамасының экс-бапкері Сергей Тимофеев.

Футболшы ұлттық құрамада 18 ойында 12 гол соққан. Оның алдын тек Руслан Балтиев орап тұр. Айтпақшы, шабуылшының осыдан 25 жыл бұрын жасаған хет-тригін көнекөз жанкүйерлер ұмыта қоймаған болар.

1998 жылы Зиданның отаны Францияда өткен әлем чемпионатының електік додасында Қазақстан алдымен Пәкістан және Ирақпен жолы түйісіді.

1997 жылдың 11 мамырында Лахор қаласында Қазақстан Пәкістанмен кездесті. Бірінші таймда-ақ жерлестеріміз қарсылас қақпасына 3 гол соғады. Кездесудің 3-минутында Алексей Клишин есеп ашса, 28-минутта Болат Есмағамбетов, 36-минутта Владимир Логинов мергендігімен көзге түсті.

Бұл кезде Болат Есмағамбетовтің «Ертіс» сапындағы әріптесі Виктор Зубарев қосалқы құрамда отырған еді. Үзілісте Зубарев бас бапкердің көмекшісі Евгений Кузнецовқа барады.

– Евгений Иванович, Пәкістанға босқа келдім бе? Бас бапкерге екінші таймда мені алаңға шығарыңыз деп айтыңыз. Осында жету үшін Алматыдан Мәскеуге, сосын Тегеран арқылы Бағдадқа, одан Лахорға жетіп отырмын. Әлі бірде-бір минут ойнаған жоқпын. Егер алаңға шықпасам, клубтағылар турист деп айтатын болады. Қорықпаңыз, сізді ұятқа қалдырмаймын, – дейді Зубарев.

Кузнецов бас бапкер Серік Бердалинге:

– Серік Сәрсембайұлы, есеп – 3:0. Бәлкім, қосалқы құрамдағы жігіттерге мүмкіндік беріп көрерміз. Алаңға Виктор Зубарев пен Нүркен Мәзбаевты шығарсақ? – деп ұсыныс тастайды.

Серік Бердалин көмекшісінің бұл ұсынысын қабыл алып, Владимир Логиновтың орнына Зубаревті, Болат Есмағамбетовтің орнына Мәзбаевты шығарды.

Екі джокер жаттықтырушының сенімін ақтайды. Нүркен Мәзбаев 53-минутта кездесудегі Қазақстан құрамасының төртінші добын соқса, кейіннен Зубаревтің уақыты келеді. Ол 64-72 минуттар аралығында хет-триктің авторы атанды. Бұл күн Зубаревтің күні болатын. Сөйтіп, шабуылшы ұлттық құрамадағы алғашқы ойынын өте сәтті бастайды. Бар-жоғы 480 секундта хет-трик жасаған. Ал Қазақстан сол матчты 7:0 есебімен жеңді.

**Бек ТӨЛЕУ**





# ПАРИЖ ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ БИЛЕТТЕРІ САТЫЛЫМҒА ШЫҚТЫ

**ҚАЗІР ПАРИЖДЕ ӨТЕТІН XXXIII ЖАЗҒЫ ОЛИМПИАДА БИЛЕТТЕРІНІҢ САТЫЛЫМЫ ЖҮРІП ЖАТЫР. ӘЛЕМ ЖАНКҮЙЕРЛЕРІ САТЫЛЫМНЫҢ АЛҒАШҚЫ КЕЗЕҢІНДЕ MAKE YOUR GAMES («ӨЗ ОЙЫНДАРЫҢДЫ ЖИНАҚТА») АТТЫ БИЛЕТ ПАКЕТ АРҚЫЛЫ ӨЗ ҚОЛЫМЕН БАСТЫ БӘСЕКЕНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫН ЫҢҒАЙЛЫ ЕТІП ЖАСАҚТАП АЛА АЛАДЫ. ОЛ ҮШІН БЫЛАЙ ІСТЕУ КЕРЕК:**

1). 2023 жылғы 31 қаңтарға дейін https://tickets.paris2024.org сайтында тіркеуден өту керек.

2). 31 қаңтардан кейін толық тізім жасақталады. Егер сіздің өтінішіңіз лотереяда таңдалса, Make Your Games билет пакетін сатып аласыз.

3). 2023 жылғы 13 ақпанда тіркелген жанкүйерлер арасында жеребе өтеді. Бұл жайлы хабарлама әр адамның тіркеу кезінде көрсетілген электронды поштасына келеді. Ескерер жайт: хабарлама алған азаматтар 48 сағаттың ішінде электронды поштаға келген сілтемені ашып, хатты алғанын растауы керек. Сосын, билет таңдап,15 ақпаннан 15 наурызға дейін сатып алуыңызға болады. Жалпы, Make Your Games пакетіне жекелеген 3 сайыстың билеті кіреді.

Ал билетті жеке-жеке сатып алғысы келетін жанкүйерлер үшін мұндай мүмкіндік былай жүреді:

1). 2023 жылғы 1 наурыз бен сәуірдің аяғына дейін тіркеуден өту (https://tickets.paris2024.org/);

2). 2023 жылғы мамырдың басынан бастап билет ала аласыз.

Басында айтқан Make Your Games билет пакеті 72 еуро, ал жекелеген билет бағасы 24 еуро тұрады. Толық ақпарат https://tickets.paris2024.org/ сайтында. Париж Олимпиадасының ұраны Games Wide Open («Барынша ашық ойындар»). Ұйымдастырушылар осы арқылы ғаламат әсерді бірге бөлісу үшін жанкүйерлерді көптеп жинауды көздеп отыр. Сол себепті де «Өз ойындарыңды жинақта» сынды пакет олимпия ойындары тарихында алғаш рет ұсынылған.

***Біздің анықтама:***

*Халықаралық Олимпиада комитеті басаяғы 10 миллиондай билетті сатылымға шығарады. Оның 1 миллионы 24 еуродан, жартысы 50 еуро және одан арзан бағада қолжетімді болады. Тағы 3 миллион билеттің бағасы 100 еуродан басталады. Тек 15% билет қымбатқа сатылмақ.*


● МЕНШІК ИЕСІ ЖӘНЕ ШЫҒАРУШЫ – *«Sport&ks» газетінің редакциясы» ЖШС*

**Мәулетхан АҚСАНОВ** – Директор
**Алмас ӘБДІКЕРІМҰЛЫ** – Бас редактор

**Мәдина АСЫЛБЕК** – Бас редактордың орынбасары
**Бек ТӨЛЕУ** – жауапты хатшы
**Ондасын ЕЛУБАЙ** – ШҚО-дағы меншікті тілші
**Едіге ОРАЗ** – тілші
**Әділбек ЫДЫРЫС** – менеджер
**Зүлфия ЖҰМАҒҰЛ** – есепші

**Редакция мекенжайы:** 010000, Астана қаласы

Байланыс тел.: +77023840194

**Алматы қаласында:** Мұқанов көшесі, 223 «в» үй.
Тел.: 8/727/3784200, 3784202

**• Газет «Қазақ спорты» газетінің компьютерлік орталығында теріліп, беттелді.**

**Газет «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады. Алматы қаласы, С.Мұқанов көшесі, 223 «в» үй.** Тел.: 8/727/3783646, 3784010

*• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.*
*• «Қазақ спорты» газетіне жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.*
*• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.*
*Жазылу индексі – 64190*
*• Газет ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінде 2011 жылы 7 маусымда қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі № 11855 – Г*
*• Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2017 жылдың 24 қаңтарында қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі № 16317-Г.*

*• Тапсырыс – 1884 • Таралымы – 3085 дана*